ZHUBANOV
UNIVERSITY

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ К.ЖУБАНОВА

Кітапхана – Библиотека

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2024 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР ТІЗБЕГІ

КАЛЕНДАРЬ ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫХ И ПАМЯТНЫХ ДАТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ НА 2024 ГОД

Ақтөбе - 2023

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2024 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР ТІЗБЕГІ

КАЛЕНДАРЬ ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫХ И ПАМЯТНЫХ ДАТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ НА 2024 ГОД

Кітапхана сайты **Онлайн кітапхана**

Instagram **Facebook**

Ақтөбе – 2023

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Кітапхана

Ақпараттық-библиографиялық үрдістерді автоматтандыру бөлімі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2024 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР ТІЗБЕГІ

Ақтөбе – 2023

ӘОЖ 323/324(574)
КБЖ 66.3(5Қаз)
Қ 14

Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша 2024 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегі / бас. жауапты Тастанкулов Е.С., құраст.: Шаншарова Г.И. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті кітапханасы. 2023. – 174 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті кітапханасының ақпараттық - библиографиялық үрдістерді автоматтандыру бөлімі 2024 жылға арналған «Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша 2024 жылы аталып өтілетін және еске алатын күндер тізбегін» дайындап шығарды.

Күнтізбеге тарихи, рухани және мәдени маңызы бар оқиғалар, мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюына зор үлес қосқан, халыққа кеңінен танымал қайраткерлердің, ғылым мен өнердің көрнекті қайраткерлерінің мерейтойлары енгізілді. Сонымен қатар, қазақстандық Кеңес Одағы Батырларының мерейтойлық күндері, Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндер берілген.

Күнтізбе хронологиялық ретпен жүйеленген. «Туған күні, айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі» жеке топтастырылған. Жұлдызшамен (*) белгіленген күндерге қысқаша анықтама жазылды. Көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіші берілген.

Күнтізбе кітапханалар мен мәдени мекемелерге, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне және көпшілік қауымға арналған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2024 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР ТІЗБЕГІ

ҚАҢТАР

1 қаңтар* **Қастеев Әбілхан,** қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы, туғанына 120 жыл (1904-1973)

10 қаңтар* **«Қазақ әдебиеті» газетінің** алғашқы санының жарық көргеніне 90 жыл (1934)

22 қаңтар* **Сейітов Асылбек Жұманұлы,** Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, туғанына 130 жыл (1894-1937)

25 қаңтар* **Пангереев Абат Шамұлы,** филолог, әдебиеттанушы, туғанына 65 жыл (1959)

АҚПАН

4 ақпан* **Тәжібаев Әбділдә,** ақын, драматург, әдебиет зерттеуші ғалым. Филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, туғанына 115 жыл (1909-1998)

4 ақпан* **Жұбанов Болат Ахметұлы,** химик, ҚР ҰҒА-ның академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 95 жыл (1929-2014)

15 ақпан* **Айманов Шәкен (Шаһкерім) Кенжетайұлы,** актер, кинорежиссер, СССР халық әртісі, Қазақ ССР-інің халық әртісі, туғанына 110 жыл (1914-1970)

НАУРЫЗ

23 наурыз* **Байбекұлы Әйтеке, би,** мемлекет қайраткері, туғанына 380 жыл (1644-1700)

СӘУІР

12 сәуір* **Сәтпаев Қаныш**, аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы, тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, туғанына 125 жыл (1899-1964)

МАМЫР

5 мамыр* **Жиенбаев Сағи,** ақын, туғанына 90 жыл (1934-1994)

11 мамыр* **Марғұлан Әлкей Хақанұлы,** археолог, этнограф, тарихшы, Қазақ ССР ҒА-ның академигі, КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, туғанына 120 жыл (1904-1985)

12 мамыр* **Тынышбаев Мұхамеджан,** Алаш қозғалысының қайраткері, туғанына 145 жыл (1879-1938)

14 мамыр* **Жансүгіров Ілияс,** ақын, жазушы, туғанына 130 жыл (1894-1938)

25 мамыр* **Нұрмағамбетов Сағадат Кожахметұлы,** әскери қайраткер, Кеңес одағының батыры, Халық қаһарманы, туғанына 100 жыл (1924-1913)

28 мамыр* **Ақтөбе бекінісінің** негізі қаланғанына 155 жыл (1869)

МАУСЫМ

7 маусым* **«Кедей» (Ақтөбе) газетінің** шыға бастағанына 100 жыл (1924)

15 маусым* **Молдағұлова Әлия Нұрмұхамедқызы,** Кеңес Одағының Батыры, мерген, ефрейтор, туғанына 100 жыл (1924-1944)

19 маусым* **Әзірбаев Кенен,** халық ақыны, әнші, халық композиторы, туғанына 140 жыл (1884 -1976)

30-маусым* **Есенқарақызы Ханбибі,** жазушы, ақын, журналист Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, туғанына 75 жыл (1949)

ШІЛДЕ

30 шілде* **Әуезова Ләйлә Мұхтарқызы**, тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, туғанына 95 жыл (1929-1993)

ТАМЫЗ

6 тамыз* **Әдібаев Хасен,** сыншы, әдебиеттанушы, туғанына 100 жыл (1924-2012)

17 тамыз* **Сыздық Рабиға Сәтіғалиқызы,** тілші, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 100 жыл (1924-2020)

23 тамыз* **Бақтыгереева Ақұштап,** қазақ ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығысының лауреаты туғанына 80 жыл (1944)

ҚЫРКҮЙЕК

10 қыркүйек* **Айталы Амангелді,** философия ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 85 жыл (1939-2022)

16 қыркүйек* **Ақтөбе облыстық филармониясының** ұйымдастырылғанына 80 жыл (1944)

17 қыркүйек* **Оспанов Марат,** қоғам қайраткері, ҚР парламенті мәжілісінің тұңғыш төрағасы, Еуразия халықаралық экономикалық Академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, туғанына 75 жыл (1949-2000)

ҚАЗАН

1 қазан* **Бәйішев Сақтаған,** ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның академигі, туғанына 115 жыл (1909-1982)

15 қазан* **Сейфуллин Сәкен,** жазушы, қоғам қайраткері, туғанына 130 жыл (1894-1938)

15 қазан* **Соқпақбаев Бердібек,** жазушы, туғанына 100 жыл (1924-1991)

15 қазан* **Жармағамбетов Тобық,** жазушы, туғанына 90 жыл (1934-1979)

19 қазан* **Қошқарбаев Рақымжан,** Халық қаһарманы, туғанына 100 жыл (1924-1988)

22 қазан* **Нұрпейісов Әбдіжәміл,** Қазақстанның халық жазушысы, туғанына 100 жыл (1924-2022)

ҚАРАША

15 қараша* **Майлин Бейімбет Жармағамбетұлы,** жазушы, драматург, туғанына 130 жыл (1894-1938)

22 қараша* **Жұбанов Есет Құдайбергенұлы,** ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 95 жыл (1929-2007)

ЖЕЛТОҚСАН

6 желтоқсан* **Кекілбаев Әбіш,** Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, туғанына 85 жыл (1939- 2015)

17 желтоқсан* **Шонанұлы Телжан,** қоғам қайраткері, ағартушы педагог, аудармашы, туғанына 130 жыл (1894-1938)

19 желтоқсан* **Жұбанов Құдайберген,** тіл маманы, түріктанушы, туғанына 125 жыл (1899-1938)

25 желтоқсан* **Оңғарсынова Фариза,** ақын, туғанына 85 жыл (1939-2014)

26 желтоқсан* **Рысқұлов Тұрар,** Мемлекет және қоғам қайраткері, туғанына 125 жыл (1894-1938)

ТУҒАН КҮНІ, АЙЫ БЕЛГІСІЗ ҚАЙРАТКЕРЛЕР, МЕКЕМЕЛЕР МЕН ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР ТІЗІМІ

- ✓ **Аймауытов Жүсіпбек,** жазушы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, туғанына 135 жыл (1889-1931)*
- ✓ **Баймырзаұлы Балуан Шолақ,** балуан, сазгер, туғанын 160 жыл (1864-1919)*
- ✓ **Дөнентаев Сәбит**, ақын, журналист, туғанына 130 жыл (1894-1933)*
- ✓ **Ерубаев Саттар**, жазушы, туғанына 110 жыл (1914-1937)*
- ✓ **Залиев Нұғыман**, қоғам қайраткері, туғанына 135 жыл (1889-1938)*
- ✓ **Күлеев Бернияз**, ақын, туғанына 125 жыл (1899-1923)*
- ✓ **Мұхамед Хайдар Дулати**, тарихшы, әдебиетші, туғанына 525 жыл (1499-1551)*
- ✓ **Махамбет Өтемісұлы**, ақын, 1836–1838 жылдардағы шаруалар көтерілісін ұйымдастырушы, туғанына 220 жыл (1804–1846)*
- ✓ **Тілепбергенұлы Қазанғап**, күйші – композитор, туғанына 165 жыл (1854-1921)*

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КҮНДЕРГЕ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

1 қаңтар ***ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ туғанына 120 жыл (1904-1973)***

Қастеев Әбілхан (1904-1973) - қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Туып-өскен жері Алматы облысына қарасты Жаркент төңірегі. Топырақ бұйырған жері - Алматы қаласы. Қазақстанның халық суретшісі (1944). Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (1945-1956). Еңбек жолын Түрксіб темір жол құрлысында жұмысшы болып бастады. Москвадағы көркемсурет студияларында Н.Г. Хлудов пен И. Бродскийден сабақ алды (1929-1936). Халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтірген.

Әбілхан қол өнеріне, онан соң суретшілік өнерге жастайынан бейім болған. Анасы Айғанша кілем, алаша, бау-басқұр тоқуға, сырмақ сыруға, шым ши жасауға шебер адам болыпты. Әбілхан осы халық өнеріне бала кезінен көз қанықтырып, анасына ою-өрнектер салуға көмектесіп, сурет өнеріне қолын үйретіп өседі. Оның 1930-1931 жылдары салған "Қарындастың портреті", "Автопортрет" атты туындылары түпнұсқаға ұқсастығымен және кейіпкер болмысын ашуға деген талпынысымен ерекшеленеді. Ол бірте-бірте ел өмірінің алуан салалы тіршілік-тынысына ден қойып, тарихи-әлеуметтік өзгерістерге суреткер зердесімен қарай бастайды. Оның "Мектепте"(1930), "Түрксіб" (1932), "Жамбылдың портреті" (1937), "Ескі және жаңа тұрмыс" (1937-1941), "Амангелді сарбаздары" (1970), "Жас Абай" (1945) сияқты туындылары дарынды суретшінің өткен мен бүгінді шыншылдықпен бедерлеген көркем шежіре іспеттес.

Әбілхан туған жердің әсем табиғатын, оның дидарындағы адам қолының жасампаз өзгерістерін зор шабытпен бедерлей алған суреткер. Оның "Биік таулы мұз айдын" (1954), "Гүл ашқан алма" (1958), "Менің Отаным" (1959), "Жайлаудағы автодүкен" (1963),

"Қашпағай ГЭС-і" (1972) сияқты полотнолары эпикалық қарымымен, шыншылдығымен назар аударады.
Әбілхан Қастеев суретші ретінде өзіндік дара қолтаңбасымен ғана ерекшеленіп қоймайды, сонымен бірге, ол - туған жері мен өскен елін перзенттік махаббатпен жырлай алған біртуар суреткер.

10 қаңтар ***«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» газетінің алғашқы санының жарық көргеніне 90 жыл (1934)***

«Қазақ әдебиеті» - Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті. Әр апта сайын, жұма күні шығады.
«Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші саны 1934 жылдың 10 қаңтарда жарық көрген.
Маңдайшасына «Қазақ әдебиеті» ұлт мәдениетін көтеруде үлкен орын алсын!» деп жазылған басылым алғашқы жылдары Совет жазушылары Қазақстандық комитетінің тілі (органы) ретінде жарық көріп тұрды.
Газет редакциясының алғашқы мекен-жайы: Алматы қаласы, Красин көшесі, 41 -үй. Қазіргі мекен-жайы: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105-үй, 3-қабат.
Газеттің тұңғыш редакторы - Ғабит Мүсірепов, жауапты хатшысы - Мұхамеджан Қаратаев. Редколлегияға Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ілияс Қабылов, Әйтеке Мусин, Ғабит Мүсірепов және Мұхамеджан Қаратаев мүше болды.
Алғашқы жылдары газеттің белгілі бір ретпен шығатын жүйесі қалыптаспады. Әр жылдағы саны әр түрлі шығып тұрды. Мысалы, 1934 жылы 31 саны шықса, 1935 жылы 35, 1936 жылы 50, 1937 жылы 54, 1938 жылы 17, 1939 жылы 2, 1940 жылы 6 саны жарық көрді.
Газеттің 1936 жылғы алғашқы санында бірінші беттің маңдайшасына «бес күнде бір рет шығады» деген мәлімет келтірілген. Алайда түрлі себептерге байланысты бұл жүйе сақталмады. Басылымның әр нөмірі арасындағы уақыт мөлшері 6-9 күн, кейде 10-13 күнге созылған.
Газеттің таралымы алғашқы жылдары – 1934 жылы 1 мыңнан 3 мың көлемінде болса, 1935 жылы 3500-ге жеткен.

1940 жылы шыққан 6 нөмірдің барлығы қаңтар айында жарық көрген. Ал, одан кейін мүлдем тоқтап, 1954 жылдың аяғына дейін шыққан жоқ. «Қазақ әдебиеті» он бес жылдық үзілістен кейін 1955 жылы 14 қаңтарда қайта жарық көрді. Қайта жарық көрген басылымның бас редакторы болып Сырбай Мәуленов тағайындалды.

Осы жылы «Қазақ әдебиетінің» 51 нөмірі жарық көрсе, 1956 жылдан қазіргі күнге дейін аптасына 1 рет, жылына 52 саны шығатын жүйесі қалыптасты.

1956 жылы газет бетінде аса өзекті ұлттық мәселелер көтерілген кезең болды. Осы жылдары Р.Бердібаевтың «Ең үлкен мәдени байлық» (1956, 22 сәуір), Ә.Нарымбетовтың «Ана тілін ардақтайық» (1956, 1 маусым), М.Қаратаевтың «Қайта қарауды қажет ететін мәселе» (1956, 10 тамыз) Партия тарихы институтының бір топ ғылыми қызметкерлері - Т.Кәкішев, Р.Сәрсенбаев, Х.Хасенов, Т.Әлімқұлов, А.Байшин, А.Мұқтаров, Қ.Әбілдаев, Қ.Әлиасқаров қол қойған «Тіл мәдениеті» (1956, 17 тамыз) атты атышулы мақалалары бірінен соң бірі жарық көрді. Бұл жарияланымдар қазақ қоғамын дүр сілкіндірді.

Газетте жарық көрген осы мақалаларға орай ҚКП Орталық Комитеті 1956 жылы 10 желтоқсанда «Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» жасырын қаулы қабылдады. (ҚР Президент архиві, 708 қор, 30-тізім, 168-іс). Қаулының қарарында газеттің жіберіп отырған саяси қателігі барынша айыпталды. Газет редакторы С.Мәуленов Орталық Комитетте жазаға тартылды.

Қазақ әдебиетін дамыту жөніндегі жемісті жұмысы және еңбекшілерді тәрбиелеу ісімен белсенді қатысқаны үшін «Қазақ әдебиеті» газеті 1984 жылы 50 жылдығына орай «Халықтар достығы» орденімен марапатталды.

Бұдан кейінгі жылдары да «Қазақ әдебиеті» газеті елдің рухани-мәдени әлеуетінің дамуына зор үлес қосып, ақын-жазушылардың шығармаларын үздіксіз насихаттап, қаламгерлердің шығармаларын талдап-таразылайтын сын мақалалар жариялады. Халық жазушысы Шерхан Мұртаза бас редактор болған кезеңде көптеген журналистер осы басылымда еңбек етіп, шыңдалып, соның арқасында қазақ қаламгерлері арасында «Шерханның шекпенінен шыққандар» деп аталып жүрген толқын дүниеге келді.

Ал қазір «Қазақ әдебиеті» газеті Қазақстан Жазушылар Одағының құрылтайшылығымен жарыққа шығып келеді.

22 қаңтар ***АСЫЛБЕК СЕЙІТОВ***
туғанына 130 жыл (1894-1937)

Асылбек Жұманұлы Сейітов 1894 жылы 22 қаңтарда Омбы қаласында Батыс Сібір генерал-губернаторы кеңсесі аудармашысының отбасында дүниеге келген. Алаш қозғалысы қайраткерінің бірі. Ол алдымен орыс мектебінде, содан соң Омбының классикалық ерлер гимназиясында оқыды.
1911 жылы Омбы гимназиясын бітіріп, Том мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен.
1916 жылы Ақмола уезінде ауылшаруашылығы бойынша санақ жұмыстары жүргізілгенде А.Сейітов оның оңтүстік бөлігі комиссиясын басқарады.
Оны 1917 жылы бітіріп, Павлодар облысындағы Баянауыл бекетінде дәрігер болып жұмыс істеді. Халық арасында жиі кездесетін сүзек, безгек, тырысқақ ауруларына қарсы медициналық көмек ісін ұйымдастырды. Сондай-ақ, осы жылдары қоғамдық саяси өмірге араласып, алдыңғы қатарлы зиялы қауымның қатарынан көрінді.
1917 жылы сәуірдің соңы мамырдың басында өткен Ақмола облыстық Қазақ сиезінде алдымен хатшылыққа, сиез соңында төрағаның орынбасарлығына сайланған.
Ал 1917 жылы Орынборда өткен бірінші жалпықазақ сиезіне катысып, онда ол төралқа құрамында М.Дулатовпен бірге хатшылыққа ұсынылады. Осы сиезде А.Сейітов Ақмола облысы атынан Құрылтай жиналысына депутатыққа сайланған. Осы Құрылтайға сайланған депутаттарға баға берілгенде «Қазақ» газеті ол туралы: «Асылбек Сейітов - жас доктор, қыз мінезді, ақ қағаздан ақ, ұлтшыл жас. Областной қазақ комитетінде председатель орынбасары» - деп жазған еді. А.Сейітов Алашорданың Ақмола облыстық комитеті басшыларының бірі бола отырып, ұлт-азаттық қозғалысына үлкен үлес қосты.

1921 жылы Орынборда өткен Қазақстан дәрігерлерінің съезіне, 1922 жылы Қазақ АКСР-і кеңестерінің съезіне делегат болып қатысты. Ол Баянауылда бас дәрігер қызметін атқарған.
1922 жылдан бастан 15 жыл бойы Семей қаласындағы губерниялық денсаулық сақтау басқармасының бастығы болып жұмыс істеді. Семей облысында туберкулезді емдейтін «Ауыл» және «Березовка» санаторийлерін ашуға атсалысты (ол емдеу орындары осы күнге дейін жұмыс істейді).
1937 жылы Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау халық комиссариатының жоспарлау-қаржылау бөлімінің меңгерушісі, Алматы қаласындағы №5 емхананы алғаш ұйымдастырушылардың бірі және оның бас дәрігері болды. Оның «Таң» журналы беттерінде жарияланған публицистикалық мақалалары бар.
1937 жылы 1 желтоқсанда ұсталып, 8 желтоқсанда ату жазасына кесілді. Оның туған бауырлары Мұсылманбек және Мұратбек те «Алаш» партиясының мүшелері ретінде репрессияға ұшырады.

25 қаңтар ***АБАТ ПАНГЕРЕЕВ***
туғанына 65 жыл (1959)

Филология ғылымдарының докторы Пангереев Абат Шамұлы фольклортану ғылымында өзіндік орны бар тұлға. Оның ғылыми еңбектерінің басты артықшылығы фольклормен, топонимиканың бір-біріне байланыстылығын зерттеп, нәтижесінде фольклортану саласында «Топонимдік фольклор» аталатын жаңа жанр әкеліп, ғылыми айналымға енгізу болып табылады. Топонимдік фольклор жанры фольклорды жаңа қырынан қарастырып, оны басқа да ғылым салаларымен салыстырмалы аспектіде зерттеуге, ұлттық мәдени дәстүрлер аясында алып зерделеуге жол ашады.
«Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» атты монографиясында және «Қазақтың топонимдік фольклоры» аталатын электронды оқу құралында А.Ш.Пангереев фольклортану саласында тұңғыш рет топонимдік фольклордың жанрлық түрлерінің классификациясын жасап, олардың әрқайсысының функцияларын айқындайды.

Ғалым зерттеуші сонымен бірге Қобыланды батырдың эпикалық бейнесінің суреттелуі, тарихи тұлғасының айқындық табуына байланысты, Шернияздың бұрын жарияланбаған әдеби мұралары туралы жазылған еңбектерімен ерекшеленеді.
Жалпы А.Ш.Пангереевтің ғылыми-зерттеу саласы кең. Ол фольлортанумен қатар қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиеттану, әдеби өлкетану, қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістемелері мәселелері бойынша жазылған көптеген ғылыми және ғылыми көпшілік еңбектердің авторы.

4 ақпан ***ӘБДІЛДӘ ТӘЖІБАЕВ***
туғанына 115 жыл (1909-1998)

Әбділда Тәжібаев - (04.02.1909, Қызылорда қаласы – 23.09.1998, Алматы) Ақмешітте (қазіргі Қызылорда қаласында) дүниеге келген.
Қызылорда қаласындағы жетім балалар интернатында тәрбиеленген. Одан кейін Шымкенттегі жеті жылдық мектепте оқыған.
С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті), Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы жоғары әдеби курсты бітірген.
Еңбек жолын 1926-1928 жылдар аралығында «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде пошта тасушы, содан кейін корректор болып бастаған. 1927 жылы «Жұмысшының гудогі» атты тұңғыш өлеңі «Жұмысшы» газетінде басылады. Әрі қарай өлеңдері «Жұмысшы» және «Еңбекші қазақ» газеттерінде шығып тұрған. 1932-1934 жылдары Қарсақбайдағы «Қызыл кенші», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеттерінде редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. Жиырма бес жастағы Ә.Тәжібаев 1934 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының хатшылығына, ал 1939 жылы оның төрағалығына сайланған. Оның «Өмір мен поэзия» «қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» атты монографиялық зерттеулері, көптеген сын мақалалары жарияланған. Ол «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты зерттеу еңбекті құрастыруға қатысып, соңғы басылымының редакциясын басқарған.

«Октябрь Революциясы», 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, Ленин, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

4 ақпан ***БОЛАТ ЖҰБАНОВ***
туғанына 95 жыл (1929-2014)

Болат Ахметұлы Жұбанов 1929 жылы 4 ақпанда Ақтөбе облысы, Темір ауданындағы № 9 ауылында дүниеге келген. Ол жанұясында екінші бала болған. Үлкен әпкесі 1927 жылы дүниеге келген Ғазиза Ахметқызы Жұбанова кейіннен әлемге әйгілі композитор болды. Ал кіші інісі Қайыр Ахметұлы Жұбанов 1952 жылы Москва мұнай институтына оқуға түсіп, Химия, органикалық катализ және электрохимия институттарында, ҚазМУ-де қызмет істеді.

Білімге құмар, ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосқан осындай тұлғалар көрнекті ғалым, әйгілі сазгер Ахмет Қуанұлы Жұбановтың отбасында дүниеге келген.

Болат Жұбанов Алматыдағы № 25 орта мектепті тәмамдағаннан кейін 1947 жылы Д.И.Менделеев атындағы Мәскеу химия-технологиялық институтының (МХТИ) № 138 арнайы факультетінің студенті болды. Оқуды аяқтағаннан кейін аспирантураға түсуге ұсыныс жасалды. 1952-1955 жылдары болашақ ғалымның қалыптасуына академиктер В.В. Коршак, Н.М. Жаворонков, профессор Г.С. Колесников, Ю.А. Стрепихеев және т.б. ерекше ықпал етіп, біліммен байытты. В.В.Коршак кандидаттық жұмыстың тақырыбы ретінде сол жылдары мүлде зерттелмеген жоғары молекулалық қосылыстардың фосфорлы полимерлерді таңдауды ұсынды. 1955 жылы Б.А.Жұбанов кандидаттық, 1966 жылы докторлық дисертациясын қорғады.

1956 жылдан бастап Болат Жұбанов ҚазКСР ҒА-ның Химия ғылымдары институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істей бастады. Осы жылдары белгілі ғалымдар, ҚазКСР Ғылым академиясының ұйымдастырушыларымен тұспа-тұс қызмет етіп, араласып жүрген.

1968 жылы ол полимерлер синтезі лабораториясының меңгерушісі болып тағайындалды.

20 жыл бойы, яғни 1968 жылдан 1988 жылдар аралығында Б.Жұбанов Химия институтының директоры
және химия-технология ғылымдары бөлімінің академик-хатшысы, 1972-1994 жж. Қазақстан ҒА Президиум мүшесі бола отырып, Ғылым академиясының президенттері – академиктері Ш.Е.Есенов, А.М.Қонаев, М.А.Айтқожин, Ө.М.Сұлтанғазин тарапынан қолдау көріп жүргенін ғалым өзінің естелігінде айтып өткен.

Б.Жұбанов институтқа жетекшілік еткен тұста институттың ғылыми және техникалық потенциалы арта түсті, бұл әрине мемлекетімізде химиялық өндірістің қарқынды дамуына да байланысты еді. Институтта қызметкерлер саны ұлғайып, жаңа лабораториялар ашылды.

Химия ғылымдары институты Болат Ахметұлы Жұбановтың директор болған тұсында химияны дамытудағы және ғылыми нәтижелерді тәжірибеге енгізудегі жетістіктері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Болат Жұбанов Қазақстанда полимерлік ғылымның негізін салушы болып табылады. Ғалым полимерлер химиясы мен технологиясы саласы бойынша кадрларды даярлау ісіне ерекше үлес қосты. Ғылым ұйымдастырушысы ретіндегі ерекше талантының, сарқылмас күш-қуатының арқасында Болат Ахметұлы Қазақстанда жоғары молекулярлық қосылыстар химиясы саласындағы фундаменталді зерттеулерімен халықаралық дәрежеде танылған ғылыми мектеп ұйымдастыра білді.

1984 жылы ҚазКСР ҒА академигі Б.А.Жұбанов және химиялық ғылымдар докторы, профессор К.М.Гибов, А.В.Красников, Э.К.Кондрашов, С.К.Қасымбековке халықшаруашылығына қажетті отқа төзімді полимерлі материалдарды ойлап тапқаны үшін ғылым және техника саласында ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

1968-1988 жж. Институт қызметкерлері 47 монография, 32 ғылыми мақалалар жинағын жариялап, 31 докторлық және 200-ден аса кандидаттық диссертация қорғады.

15 ақпан ***ШӘКЕН АЙМАНОВ***
туғанына 110 жыл (1914-1970)

Шәкен Кенжетайұлы Айманов (1914 ж. 15 ақпан — 1970 ж. 23 желтоқсан) — қазақтың әйгілі актері, режиссер.1964ж КСРО-ның халық артісі.

Айманов Шәкен (Шаһкерім) — актер, режиссер, КСРО халық артисі (1964). Болашақ актер 1914 ж. 15 ақпанда қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Ол кішкентай кезінен жездесі Қали Байжановтың әндерін тыңдап өскен. Ауыл мектебін бітіріп, (1928), Семейдегі педагогикалық техникумға оқуға түскен. Семей мұғалімдер техникумында оқып жүргенде 1932 ж. Алматыдағы Қазақ драма театрына шақырылады.

Айманов 1932 – 33 жылғы маусымнан театрға жұмысқа қабылданды. Ол алғашында бірқатар рөлдерді ойнады. Көп ұзамай классикалық пьесалар бойынша қойылған спектакльдерде басты рөлдерді шебер орындауымен көпшілік көзіне түседі. Әсіресе оның орындауындағы Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло рөлдері ұлттық театр тарихында өшпес із қалдырды. Айманов актерлік өнерімен қатар режиссерлік шығармашылықпен де айналысып, спектакльдер қояды.

1947 - 51 ж.ж. қазіргі Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссері болды. «Абай әндері» (1945), «Жамбыл» (1947) көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді сомдады. 1953 – 70 ж. «Қазақфильм» студиясының көркемдік жағын басқарып, қазақ кино өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Оның қойған көркем фильмдері: «Махаббат туралы аңыз» (1953), «Алдар көсе» (1965), «Атамекен» (1966), «Найзатас баурайында» (1968). Көрермен қауымның ой-талғамынан шыққан «Біздің сүйікті дәрігер» (1958) мен «Тақиялы періште» (1969) фильмдері ұлттық кино өнерінде комедиялық жанрды дамытудағы соны ізденістерімен ерекшеленді. Оның соңғы қойған «Атаманның ақыры» (1970) фильмі режиссер Айманов шығармашылығының биік шыңына айналды.

23 наурыз ***ӘЙТЕКЕ БАЙБЕКҰЛЫ***
туғанына 380 жыл (1644-1700)

Әйтеке Байбекұлы (23.03. 1644, Өзбекстан, Қазбибі тауы, Қызылша м. - 1700, Өзбекстан, Нұрата ауд. Сейітқұл қорымы) — қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ, құрама жұрты "Синесоф буа" (жаны пәк жан) атаған Сейітқұл әулиенің - үшінші ұрпағы. Ә. Қоканға (1622 — 35) хан болған Ақшаның немересі, Самарқан өмірі (1622 — 56) Жалаңтөс баһадүрдің немерелес туысы. Әйтеке бес жасында ауыл молдасынан сауатын ашқан.

Шешендік касиетінің ерте танылуына әкесі Байбек пен Қосуақ бидің айрықша ықпалы тиеді. Алайда жеті жасынан бастап аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр Әйтекені өз тәрбиесіне алады. Ол әуелі Самарқандағы Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс баһадүр салдырған, сән-сәулетімен әйгілі "Тіллә-кари" (Алтынмен апталған), "Шердор" (Арыстанды) медресесінде оқиды. Дін, құқық, аспан әлемі, жағырапия, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тіддерін меңгеріп шығады. Әйтеке Ақша атасынан ел басқару, елшілік байланыстар жасау жолдарын үйренсе, Жалантөс атасынан әскери қолбасшылық дәстүрлер мен дағдыларға жаттығады. Баланың он екі жасында Жалаңтөс атасы, он бес жасында Ақша атасы дүниеден озады. Әйтеке медресені бітірісімен туған ауылына оралып, әкесі Байбекпен, ұстазы Қосуақпен бірге ел баскару істеріне араласады.

Сөйтіп жиырма бір жасында бүкіл Бұкара мен Самаркан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарқалпақ, құрама жұртының бас биі болды. Ал жиырма бес жасында барша Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлады. 1680 ж. Салқам Жәңгірдің жасы үлкен балалары Уәлі мен Бақыны емес, кішісі Тәукені хан етіп сайлауға казақ халқының бетке ұстарлары: Әнет баба, Соқыр Абыз, Едіге, Майлы, Төле, Қазыбек, қарақалпақ Сасық, құрама Мұхаммед, қырғыз Қоқым билермен бірге Әйтеке би де айрықша ат салысты. Тәуке таққа отырғаннан кейін алғаш рет ресми түрде айрықша құқты "Хан кеңесі" сайланды.

Әйтеке Кіші жүз жұртының атынан осы кеңестің мүшесі болды.
Осы кезде бұрынғы "Қасым салған қасқа жолдың" "Есім салған ескі жолдың" заман өзгерісіне орай кейбір тұстарының ескіруіне байланысты жаңа заң үлгілерін жасау қажеттігі туды. Тәуке хан және жоғарыда аталған билердің қатысуымен 1684 ж. "Жеті жарғы" қабылданды. Күні бүгінге дейін негізі сақталып отырған ежелгі Солон заңымен (б.з.б. 7 — 6 ғ.) терезесі тең бұл заңның бытыраңқы елдің басын біріктіруге, жұртымыздың әл-аукатының артуына, ата дәстүрлеріміздің сақталуына, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі зор болды.

12 сәуір ***ҚАНЫШ СӘТПАЕВ***
туғанына 125 жыл (1899-1964)

Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты.
Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. Ш.Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған.
«Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген. 1920-1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі

Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.

15 мамыр ***САҒИ ЖИЕНБАЕВ***
туғанына 90 жыл (1934-1994)

Сағи Жиенбаев, ақын, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Оймауыт ауылында дүниеге келген.

1955 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтын бітіргеннен кейін, Жезқазған кенішінде мұғалім болып қызмет істеді. Сол кездері өлеңдері республикалық баспасөзде жариялана бастады. 1956 жылдан бірыңғайәдеби жұмыспен айналысты.

1956 — 1965 жылдары «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат»), «Жұлдыз» журналдарында бөлім меңгерушісі, 1965 — 1984 жылдары «Жазушы» баспасында аға редактор, поэзия редакциясының меңгерушісі болып қызмет істеді.

Ғазиза Жұбанованың «Еңлік-Кебек», Базарбай Жұманиязовтың «Махамбет» операларының либреттосын жазған. Бірнеше ән текстерінің авторы.

Ақын өлеңдері туысқан халықтар тілдеріне аударылған, шет ел тілдерінде басылған.

А. Пушкин, М. Лермонтов, О. Туманян, В. Брюсов, Я. Смеляков, Р. Гамзатов, Д.Кугультинов, М. Каноатов өлеңдерін аударып жеке кітап етіп шығарды.

Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 ақпандағы № 257 Қаулысымен Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасына Сағи Жиенбаевтың есімі берілді.

Ақтөбе қаласында көшелердің бірі Жиенбаевтың құрметіне аталған.

Шығармалары: «Қарлығаш» («Ласточка», 1959), «Сыйлық» («Подарок», 1960), «Қыр гүлі» («Степной цветок», 1966), «Сырлы теңіз» («Тайна моря», 1963), «Қайырлы таң» («На заре», 1966), «Ақ толқын» («Белые волны», 1967), «Сол бір көктем есімде» («Я помню ту весну», 1969), «Алтын қалам» («Золотое перо», 1971), «Жадымдасың, жас күнім» (1972), «Әлия» (1973), «Оймауыт» (1975), «Көктем самалы» («Весенний ветерок», 1976) т.б.

11 мамыр ***ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН***
туғанына 120 жыл (1904-1985)

1904 жылы 11 мамырда Павлодар облысы Баянауыл ауданының Жасыбай көліне жақын жерде кедей шаруа отбасында дүниеге келді. Алғашқыда ауылдық мектепте оқып, бастауыш білім алды. 1919 жылдың соңында Павлодар қаласындағы мұғалімдік курсқа түсіп, оны 1920 жылы бітіргеннен кейін туған аулына қайта оралып, 1-дәрежелі 2-Далбы мектебінде мұғалім болып істеді. 1921 жылы Семейдегі педагогикалық техникумға түсіп, оны 1925 жылы ойдағыдай бітіріп шықты.

Семейде оқып жүрген кезінде Әлкей Хақанұлы «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларымен байланыс жасап тұрады. М.Әуезовтің кеңесі бойынша, 1925 жылы Әлкей Хақанұлы Ленинградқа сапар шегіп, 1925 - 31 жж. арасында Шығыс институтының әдебиет факультетіне түседі. Ғылым негіздерін табысты игере отырып Ә. Марғұлан Ленинградтың бай мұрағаттарынан бірнеше қайнар бастауларды зерттейді, қазақ халқының мәдениеті мен тарихы бойынша әдеби және архивтік материалдарды жинаумен шұғылданады. Оның аудармасы арқылы қазақ оқырманы алғаш рет атақты орыс және шетел жазушыларының шығармаларымен танысады.

1929 жылы Әлкей Марғұлан Шығыс институтындағы оқуын бітіріп, Абай шығармашылығы туралы дипломдық жұмысын табысты қорғап шықты. Туған халқының тарихына ден қойып, зерттеу жұмыстарын сонау Ленинградта оқып жүргенде-ақ бастаған

Әлкей елге келгеннен кейін де осынау бейнеті мол, көп ізденіп, зерттеуді қажет ететін сауапты істі одан әрі жалғастырып, Оңтүстік Қазақстандағы Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және көне Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларының орындарында түрлі қазба жұмыстарын жүргізеді.

Ұлттық ғылым академиясының Тарих, археология және этнология институтындағы археология орталығының негізінде Марғұлан атындағы Археология институты құрылды. Астана, Павлодар, Екібастұз, Жезқазған қалалары мен Оңтүстік Қазақстан облысында, Баянауыл, Екібастұз аудандарында бірнеше көшелер, мектептер Ә. Марғұлан есімімен аталады.

12 мамыр ***МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЕВ туғанына 145 жыл (1879-1938)***

Мұхамеджан Тынышбаев - 1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысы Лепсі уезі Мақаншы-Садыр болысында дүниеге келген. Алаштың ірі қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы, ағартушы, тұңғыш темір жол инженері. Ауыл молдасынан хат таныған соң, 1890 жылы Верный ерлер гимназиясының даярлық сыныбына қабылданады. 1900 жылы оқушыны ұлтқа бөліп алаламайтын, білімдіні қадірлейтін гимназия директоры М.В. Вахрушевтің Жетісу губернаторына дәлелдеп жүріп стипендия бөлгізуінің арқасында Мұхамеджан император I Александр атындағы Петербор темір жол транспорты институтына қабылданады. Тынышбаев сонымен бірге ғылыми жұмыспен де белсене айналысты.

Ол Орыс география қоғамы Түркістан бөлімінің, Қазақстанды зерттеу қоғамының, «Талап» ұйымының мүшесі болды. «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымының қызметіне ат салысады. Халқымыздың тарихының күрделі, бұрын зерттелмеген кезеңдеріне арнап, дереккөздері бай, ғылыми тұрғыдан негізделген іргелі еңбектер жазады. Оның тарихты терең түсіне білгендігі, зерттеушілігі, қазақ халқының өміріне, кейінгі тағдырына әсер еткен ірі оқиғаларды түпқазық етіп алып, жүйелі түрде қарастыруынан байқалады.

Қазақ тарихының көне дәуірі, орта ғасырлар кезеңі, жаңа заманы ретінде жеке қарастыратын күрделі мәселелерді кеңінен қамтуға талпынысы тарихшы-ғалымның өзіндік қалыптасқан тарихи көзқарасы бар екендігін аңғартады. Тынышбаев 1922 жылдан Түркістан АКСР-і Су шаруашылығы басқармасында, Ташкентте жер суландыру бөлімінде, Қызылорда қаласының құрылыс-жөндеу жұмыстарында, Жетісу губерниясы атқару комитетінің жол бөлімінде еңбек етіп, өзін білікті инженер-маман ретінде таныта білді. 1927 жылдан Түркістан - Сібір темір жолы құрылысында еңбек етті. Тынышбаевтың кәсіби шеберлігі Түрксіб құрылысын салу барысында айрықша танылды.

Осы еңбектеріне қарамастан Тынышбаев кеңестік биліктің қуғын-сүргініне ұшырап, Түрксібті салып жатқан кезінде 1930 жылы тамыздың 3-інде тұтқынға алынады. Оған «тап жауы», «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айыптар тағылады. Кейінгі жылдары да үнем бақылауда болған ол, ақырында кеңестік саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Алматы қаласындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясына, көшеге, Алматы облысы Сарқант ауданының бір ауылына Тынышбаев есімі берілді.

14 мамыр

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ туғанына 130 жыл (1894-1938)

Ілияс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1894 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсты бітіріп, өз ауылында мұғалім болған. Одан кейін аз уақыт «Тілші» газетінде істеп, Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалды. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтын бітірген, соң «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет атқарды. 1932-1934 жылдары - Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы. 1933-1936 жылдары Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің мүшесі болды.

1938 жылы саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.
І.Жансүгіровтың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Ол поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер. Оның шығармаларына арқау болған тақырып өрістері де алуан түрлі. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де ел қамы, халық тағдыры, ұлттың болмыс қасиеті оның шығармаларының алтын арқауы. Оның қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэма қазақ поэзиясының інжу маржаны болып табылады. Қаламгер әдебиет сыны мен аударма саласында да өнімді еңбектенді. А.Пушкиннің көптеген өлеңдеріне қоса, «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне алғаш рет толық аударды. Сондай-ақ, М.Лермонтовтың, А.Горькийдің, Н.Некрасовтың, В.Маяковскийдің көптеген шығармаларын қазақ тіліне тәржімалады.
Елімізде бірнеше мектепке, көшеге, ауданға, елді мекенге, Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университетіне І.Жансүгіровтың есімі берілді.

25 мамыр ***САҒАДАТ НҰРМАҒАНБЕТОВ туғанына 100 жыл (1924-1913)***

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағанбетов, әскери қайраткер, армия генералы, Кеңес одағының батыры, Халық қаһарманы, Қазақстан Республикасының тұңғыш қорғаныс министрі, Алматы, Астана, Донецк (Украина) қалаларының, Ақмола облысының, Аққөл ауданының құрметті азаматы, Ақмола облысы Еңбек ауылында дүниеге келген.
1942 жылы әскер қатарына шақырылды. 1-Белорус майданында, Солтүстік Кавказ, Украина, Молдавия, Польша, Германия майдандарында соғысқан. Пулемет взводын, ротаны, 5-екпінді армияның атқыштар батальонын басқарды.

Гитлер канцеляриясын шабуылдауға қатысты.
1946 жылы Әскери академияны 1981 жылы Бас штаб академиясын бітірді.
1950-1989 жылдары – Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округы әскерлері бастығының орынбасары, Оңтүстік әскер тобы (Венгрия) бастығының бірінші орынбасары.
1990 жылдан ҚР соғыс, еңбек және Қарулы күштері ардагерлері Кеңесінің төрағасы.
1991-1992 жылдары Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы.
1992-1995 жылдары ҚР тұңғыш қорғаныс министрі, армия генералы.
1996 жылы ҚР Президентінің кеңесшісі. КСРО, Ресей, Украина, басқа да мемлекеттердің ордендерімен марапатталған.
Армия генералы, Кеңес одағының батыры, Халық қаһарманы.
Шығармалары: «Лицом к огню» (1985), «Надежный страж Социалистической Революции» (1989), «Мой передний край» (1995), «А в памяти не тишины» (2000) т. б.

28 мамыр ***АҚТӨБЕ БЕКІНІСІНІҢ негізі қаланғанына 155 жыл (1869)***

Ақтөбе қаласының тарихы 1869 жылдың 28 мамырында басталған. Бұл күні «Ақ төбе» деп аталған әскери бекінісінің негізі қаланған. 1999 жылдың наурызында өзінің «Ақтөбе» деген тарихи атауына ие болған қала советтік кезеңде Актюбинск деп аталды. 1869 жылдың мамырында Хобда мен Елек өзендерінің аралығына флигель-адъютант, граф фон Бог басқарған жасақ жіберілген. Осылай, Лев Баллюзек атындағы өлкенің әскери губернаторы Елек пен Қарғалы өзендерінің қосылысқан жерінде Ақ төбе бекінісін салуды тапсырған. Осы күні қаланың тарихы басталған.
1874 жылы Ақтөбе қаласының аумағында құрылыс салу бас жоспары алғаш рет әзірленген. Бұл құжат бойынша Актюбинск бірнеше аудандарға бөлінген: Оторвановка, Татар слободасы, Құрмыш ауданы. Сонымен бірге, қалада бес тұңғыш көше пайда болған:

Георгиевский, Илецкий, Оренбургский, Крепостной, Гарнизонный.
Актюбинск қаласы баяу дамыды. Сонымен бірге, 1891-1892 жылдарында халқының үлкен бөлігі қаладан көшіп кеткен еді. Ал 1893 жылдан бастап қала тұрғындарының саны қайтадан көбейе бастады. 1895 жылы өлкеде 2263 адам қоныстанды. Қаланың тарихында Ташкент темір жолының салынуы ерекше орын алған. Ол 1902 жылы салынып, Ташкент - Орынбор бағытында қатынаған. Ташкент темір жолы Актюбинск қаласының экономикасына оң өзгерістер әкелген. Әсіресе, соғыс кезінде қаланың маңызы арта түсті. 101-ұлттық атқыштар бригадасы, 312-атқыштар дивизиясы, 29-миномет полкы және басқа да әскери бөлімдер, бөлімшілер осында жасақталған.
1940-1960 жылдары ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар бой көтерді: хром қосындылары зауыттары, ауылшаруашылық машина жасау саласы, рентген аппаратурасын шығару саласы, сүт және ет комбинаттары, тігін фабрикалары және басқалар. ССРО кезінде Актюбинск қаласы индустриалды қалаға айналды. Сонымен қоса, өнеркәсіптік және мәдени орталық ретінде де белгілі болған.
1946 жылдан кейін де Ақтөбе тез дамып, өнеркәсіп және мәдени орталыққа айналды. Ақтөбеде 400 мыңнан астам адам тұрады.
Ақтөбе қаласы - батыс аймақта болып жатқан өзгерістерді тез қабылдап, Ресей империясындағы жаңалықтарға ден қойған. Қаланың бейнесі тарих тегеурінінде көп өзгерістерге ұшырап, бүгінде шырайлы шаһарға айналған. Бүгінгі Ақтөбе - өнеркәсібі, кәсіпкерлік және қаржылық құрылымдары, құрылысы, оның ішінде тұрғын үй құрылысы дамыған, сондай-ақ қолайлы коммуникациялары бар қазіргі заманға сай қала.

7 маусым ***«КЕДЕЙ» (Ақтөбе) газетінің шыға бастағанына 100 жыл (1924)***

1924 жылғы 7 маусымда газеттің тұңғыш нөмірі төте жазумен (араб әліпбиі) «Кедей» деген атпен шықты.

Сол кездегі заман талабына сәйкес «Кедей» газетін шығаруға кеңестік билік бастамашы болды. Аптасына бір рет, бар болғаны екі бет көлемде жарық көрген «Кедей» газетінің маңдайшасына «Ақтөбе губерниялық советі һәм партия комитеттерінің тілі» деп жазылды.
Газеттің басты тақырыбы халық ағарту мәселесінің өзекті жайттары болғаны байқалады. Көпшілікті білім алуға шақыру, оларды оқыту мәселесі, осы бағыттағы үгіт-түсінік жұмыстары кеңінен жазылды. Шаруашылық мәселелері де көрініс тапқан.
1930 жылғы тамызда округтер мен уездердің орнына аудандар ұйымдасқанда «Кедей» газеті «Алға» болып өзгерді.
1932 жылғы 13 наурызда облыс құрылып, газеттің аты әуелі «Социалдық жол», кейін «Социалистік жол» болып өзгерді.
Соғыстың алдында ғана осы өңірде орын тебе бастаған өндіріс алыптары - Алға химия комбинатының, Ақтөбе ферроқорытпа зауытының құрылысы, артельдердің жұмысы жан-жақты жазылып, ендірістегі екпінділердің іс-қимылы қалың көпшілікке үлгі етіп таратылды. Даңқты тары өсіруші Шығанақ Берсиевтің іс-тәжірибесі де осы кездері әйгіленіп, стахановтық қозғалыстың ерлері газет бетінде үзбей марапатталып жатты. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда барлық ер-азаматтар сияқты газет қызметкерлері де түгелге жуық майданға аттанды. Солардың ішінде Абдолла Ерназаров, Ахмет Ескендіров, Қонысбай Ерғарин сияқты белгілі журналистер майданда ерлікпен қаза тапты. Газетте «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» айдары тұрақты орын алды. Газет бетінде сол тұстарда тұрақты көтерілген мәселелердің бірі облыс тұрғындарының майдан қоры үшін облигацияларға жазылуы еді. 1944-1954 жылдар арасында біртұтас Одақтың тыныс-тіршілігін қияндағы ауылдарға жеткізіп тұрған мерзімді басылымдардың бірі облыстық «Социалистік жол» газеті еді. Газетте көбіне-көп ресми материалдар жарияланды. 1947-1950 жылдар аралығындағы газет тігінділерінде ресми материалдармен қатар ауыл шаруашылығын өркендету, мал өнімдерін өндіру, егіншілік, мәдени хабарлар жиі жарияланатын болған. 1944-1954 жылдары «Социалистік жол» ірі-ірі оқиғалардың куәсі болды. Заман жаңару, қалыптасу үстінде еді. 1954 жылы газет тыңға келушілер туралы үзбей материалдар жариялап тұрды.

Дала төсін дүбірлі еңбекке бөлегендер туралы суреттемелер, очерктер жарияланды.
1962 жылы газет «Батыс Қазақстан» деген атпен шықты.
Өлкелік деп аталған «Батыс Қазақстан» газеті «коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші ғана емес, сонымен бірге коллективтік ұйымдастырушы» міндетін де адал атқарып жатты. Бұл кезгі газет беттерінде еңбеккерлер туралы суреттемелер мен очерктер мол кездеседі. Газеттің 400-ге жуық тұрақты авторы, 700-ден астам ауыл-село тілшісі, 18 постысы болды. Газеттің Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің I, II дәрежелі дипломдарымен, КСРО Журналистер одағының Құрмет грамотасымен марапатталғаны — осы кезең. 1965 жылы «Коммунизм жолы» шыға бастады.
1974 жылы облыстық «Коммунизм жолы» газетінің шыға бастағанына 50 жыл толуына орай «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. 1990 жылғы 12 қазаннан бері газет «Ақтөбе» деген атпен шығып келеді.
Бүгінгі күні жиырма мыңға жуық таралыммен шығып, одан бірнеше есе көп оқырманының қолынан өтетін бұл газеттің бұқаралық ақпарат құралдары арасында алатын орны ерекше. Газет аптасына 3 рет шығады.
Ғасырға жуық тарихы бар «Ақтөбе» газетінің жылдар бойы қалыптасқан өзіндік дәстүрі бар. Облыс баспасөзінің қара шаңырағына айналған «Ақтөбенің» қазіргі бағыты да — қоғамға, ұлтқа қызмет ету. Газет ұжымы қоғамдағы түрлі проблемаларды назардан тыс қалдырмай, мемлекеттің саясатын жүргізіп, аймақ ақпараттарын жұртқа жеткізуде, өңірде атқарылып жатқан жұмыстарды халыққа түсіндіруде күн сайын тынымсыз қызмет атқарып келеді.

19 маусым ***КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ***
туғанына 140 жыл (1884 -1976)

Кенен Әзірбаев, халық ақыны, әнші, халық композиторы, Жамбыл облысы, Қордай ауданы Мәтібұлақ ауылында дүниеге келген.

К. Әзірбаев - қазақ өнеріндегі сал - серілік және айтыскерлік дәстүрлерді үзбей, 20 ғасырдың 70-жылдарына дейін жеткізген өнерпаз, Қазақстанның халық ақыны (1961), Қазақстанның еңбегі сіңген өнер қайраткері (1956). Әкесі Әзірбай, шешесі Ұлдарда әнші, домбрашы болған. Ән жырды әуелі ата-анасынан үйренген Кенен 11 жасынан домбыраға қосылып, өз жанынан өлең, ән шығара бастады. 11 жасында өзінің тұңғыш әні «Ри, қойым», 13 жасында атақты «Бозторғай» әндерін шығарды. Халықтың көңілін елең еткізген бұл ән тез арада бүкіл қазақ даласына тарады. Бала Кененнің аты қырғыз-қазаққа мәлім болып, «Боздаланың бозторғайы» атанды. Сондай-ақ, екі жүздей лирикалық, дидактикалық арнаулар мен толғаулардың авторы. Ол ән мен жырдың кеніші атанған Жетісудың ғана емес, исі қазақтың әншілік-күйшілік, ақындық-жыршылық, сал-серілік дәстүрін терең игерген өнер тарланы.

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнері онкүндігіне қатысып «Жаңа заң» әнін шырқаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында мәдени-ұгіт бригадасын құрып, ел аралап, халқымыздан шыққан батыр ұл-қыздардың ерлігін, жеңісін жырлады. Әзірбаев ең алдымен әнші ақын. Оның әншілік, композиторлік болашағына әнші-жыршылардың, домбырашы-күйшілердің әсері зор болды. Әсіресе ол Жамбыл, Сарыбас, Балуан Шолақ, Шашубай сынды белгілі әнші-ақын композиторлардан үлгі-өнеге алды. Әзірбаев айтыс жанрына ерте араласқан. Ол халқымыздың ауыз әдебиеті нұсқаларын есіне мол сақтаған, оныңайтуынан жазып алынған фольклорлық Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы.

Ленин (1974), Еңбек Қызыл Ту, 2 рет «Құрмет белгісі» (1945) ордендерімен марапатталды.

Шығармалары:«Өлеңдер жинағы» (1947); «Әли батыр» (1951, 1986); «Өлеңдері мен дастандары» (1953); «Әндері» (1955); «Өлеңдері мен дастандары және тексттері» (1961); «Шығармалар жинағы» (1967); «Ақындар сыры» (1969, 2002); «Таңдамалы шығармалары» (1974); «Бозторғай» (1977); «Тандамалы әндері» (1984),«5 томдық шығармалар жинағы» (2008), «5 томдық шығармалар жинағы» (2017).

15 маусым ***ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА***
туғанына 100 жыл (1924-1944)

Әлия (шын есімі Илия) Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова (1924 ж. 15 маусым), Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қаз КСР – 1944 ж. 14 қаңтар, Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники, Казачиха ауылы, РКСФР) - Кеңес Одағының Батыры (1944), снайпер, ефрейтор.

1924 ж. 15 маусымда Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында дүниеге келген. Бала кезінде анасынан айырылып (1933 ж.), кейіннен Алматыда ағасының қолында тұрған, ал 1935 ж. бастап Ленинград, Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46-шы балалар үйінде тәрбиеленген. Санкт-Петербургтегі 9-орта мектебінде оқыды. Оқудағы озаттығы және үлгілі тәртібі үшін Әлия Қырымдағы Бүкілодақтық пионерлер лагері – Артекке жіберіледі. Артекте батырлар тақтасына Рубен Ибаррури, Тимур Фрунзе сияқты батырлармен қатар Әлия Молдағұлованың да суреті енгізілген. Соғыс басталған соң балалар үйімен бірге Ярослав облысының Вятское селосына эвакуацияланған. Вятское орта мектебінен 7-сыныпты бітірісімен Рыбинск авиациялық техникумына түседі, бірақ көп ұзамай (1942) ЖШҚӘ-ға (Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері) майданға жіберу туралы өтініш жібереді.

1943 ж. Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды. 1943 ж. бастап 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған (22-ші әскер, 2-ші Балтық жағалауы фронты). Жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған. 1944 ж. 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданында қаза тапты.

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 ж. 4 маусымда Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға Новосокольники ауданының Монакова ауылында жерленген.

Әлия есімімен көшелер, ондаған мектептер (Мәскеудегі № 891 орта мектебі, Шымкенттегі № 29 орта мектебі, Новосокольники № 72 орта мектебі, Оралдағы № 38 орта мектебі), Әскери-теңіз флотының кемелері, Каспий жүк таситын теплоходы аталған. Ақтөбе, Астана, Алматы, Мәскеу, Санкт-Петербор, Новосокольники қалаларында ескерткіштер орнатылған. Ақтөбеде облыстық мемориалды музей жұмыс жасайды.

30 маусым ***ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ ХАНБИБІ***
туғанына 75 жыл (1949)

Есенқарақызы Ханбибі 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданында туған. Еңбек жолын туған жерінде ұстаз болып бастады. Шымкент педагогикалық институтының филология факультетін 1972 жылы сырттай тамамдаған. Институтта оқып жүріп Макаренко атындағы мектепте мұғалім, 1968-72 жылдары Сарыағаш аудандық «Қызыл ту», «Красное знамя» газеттерінде әдеби қызметкер, 1973-80 жылдары облыстық халық шығармашылығы орталығында бас маман болып қызмет атқарған. 1987 жылы облыстық «Қайырымдылық және денсаулық қорын», 1989 жылы облыстық «Қазақ тілі» қоғамын басқарған. Бұл салада ол мемлекеттік тілдің кең ауқымда өмірге енуіне ат салысып, «Тіл туралы» заңның жобасын жасауға қатысады.
2003 жылдан облыстық саяси қуғынсүргін құрбандары мұражайының директоры. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі.
11 кітаптың авторы. Өлеңдері орыс, украин, өзбек, якут тілдеріне аударылды. Әнге айналған «Алтынай», «Нұрикамал», «Қадиша», «Дос іздедім», «Көңілгүл», «Махаббатөмірлері» халық арасына кеңінен таралды.
Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің және облыстық мәслихатының, Ақмола облысы, Астана, Шымкент қалалық әкімдерінің алғыс хатына ие болды. М.Әуезов бейнесі бар ЮНЕСКО, «Астана қаласына 10 жыл», Түркістанның 1500 жылдығына, Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған және Гумилев атындағы Еуразия университеті медальдарымен марапатталған.

Сарыағаш ауданының Құрметті азаматы. «Парасат» орденімен (2008) марапатталды. «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкер» атағына ие болды.

30 шілде ***ЛӘЙЛӘ ӘУЕЗОВА***
туғанына 95 жыл (1929-1993)

Тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері.
1952 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің тарих факультетін, 1952-1956 жылдары осы университеттің аспирантурасын бітірген. 1956-1962 жылдар аралығында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында қызмет атқарды. 1963-1993 жылдары М.О. Әуезов тұрған үйде ашылған әдеби-мемориалдық мұражайдың меңгерушісі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Әуезовтің шығармашылық мұраларын зерттеу бөлімін басқарды. М.О.Әуезов шығармаларына арқау болған оқиғалардың тарихи негіздерін зерттеуге арналған ғылым еңбектері үшін Қазақстан Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығы берілген.
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында өмірі мен шығармашылығына арналған кабинет ашылған.

6 тамыз ***ХАСЕН ӘДІБАЕВ***
туғанына 100 жыл (1924-2012)

Әдібаев Хасен 1924 жылы 6 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Шұбартау ауданы, Қосағаш ауылында туған. 1947 жылы Ұлы Отан соғысынан оралған соң, Аягөз ауданында комсомол қызметінде болды.
1955 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің философия бөлімін, 1959 жылы Абай атындағы қазақ педагогика институтының аспирантурасын бітірген.

«М.С.Ольминский М.Е.Салтыков–Щедрин туралы» атты тақырыпқа кандидаттық (1961), «Ғ.Мүсіреповтің шеберлігі» атты тақырыпқа докторлық (1970) диссертация қорғаған. Көп жыл ҚазПИдің қазақ әдебиеті кафедрасында ұстаздық еткен, филология ғылымдарының докторы, профессор (1973). Елуінші жылдардан бастап әдеби сын, әдебиеттану ғылымы, көркем проза саласында атсалысып келеді. Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі», «Құрмет» (1998) ордендерімен, екі рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Шығармалары: Уақыт және суреткер. Әдеби сын. А., «Жазушы», 1967; Талант, талғам, тағдыр. Монография. А., «Жазушы», 1971; Көкжиек. Сын. А., «Жазушы», 1978; Казахская литература. Оқулық. Орыс мектебінің IX–X кластарына арналған. А., «Мектеп», 1975; Казахская литература. Оқулық. Арнаулы орта оқу орындарына арналған. А., «Мектеп», 1973; Казахская литература. Оқулық. Жоғары оқу орындарына арналған. А., «Мектеп», 1980; Таңбалы адам. Әңгіме, повестер. А., «Жазушы», 1975; Отырар ойраны. Роман. А., «Жалын», 1986; Әупілдек. Повестер мен әңгімелер жинағы. 1987; «Гибел Отрара» (орыс тілінде). А., «Білім», 1997; «Созвездие близнецов». А., «Атамұра», 2004; «Өмірдария», А., «Атамұра», 2006; «Абай патшалығы». А., «Атамұра», 2009.

17 тамыз ***РАБИҒА СЫЗДЫҚ***

туғанына 100 жыл (1924-2020)

Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық (Құтхожина), филология ғылымдарының докторы (1972), профессор (1989). Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (2003), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылыми қайраткері (1989).

Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық Ақтөбе облысының Ойыл ауданында дүниеге келген. 1940 жылы Ақтөбе облысының Алға стансасындағы бастауыш мектепте мұғалім болудан бастады. 1942-1945 жылдары Темір қаласындағы орта мектепте мұғалім, педучилищеде оқытушы болды.

1945-1947 жылдары Абай атындағы қазақ педагогика институтын бітірген соң, осы институттың аспирантурасында оқыды (1947-1951).

1951-1957 жылдары Қазақтың оқу-педагогика баспасында (қазіргі «Мектеп») редактор, редакция меңгерушісі болып қызмет істеді.

1957-1994 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясында әуелі кіші ғылыми қызметкер, одан кейін аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып жемісті қызмет етті.

1959 жылы «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық, 1971 жылы «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

1979 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

2004 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі болып тағайындалды.

2014 жылы Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінде
Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы профессор Рәбиға Сыздықоваға арналған кабинет - Академик Рәбиға Сыздық атындағы дәрісхана ашылды (Алматы, 25 наурыз).

2015 жылы ҚР ҰҒА академигі Рәбиға Сыздық жеке кітап қорын, қолжазбаларын, архивтерден жинаған көне басылымдар мен құнды қолжазбалардың фотокөшірмелерін Халықаралық Түркі академиясының кітапханасына тапсырды. Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі ғалымның түркі мұрасына қамқорлығы, түркология ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін алғыс айтып Халықаралық Түркі академиясының сертификатын табы етті.

2018 жылы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде филология факультетінің теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р. Сыздықова арналған кабинет ашылды (Ақтөбе, қараша).

Шығармалары: «Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш»(1959, 1996); «Сөздер сөйлейді» (1980, 1994, 2004); «Сөз сазы» (1983); «А.Байтұрсынов» (1990); «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1993, 2004); «Абайдың сөз өрнегі» (1995, 2004); «Сөз құдіреті» (1997); «Қазақ тілінің анықтағышы» (2000); «Тілдік норма және оның қалыптасуы» (2001); «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» (2004); «Қ.А. Иасауи «Хикметтерінің» тілі» (2004) т. б.

23 тамыз ***БАҚТЫГЕРЕЕВА АҚҰШТАП***
туғанына 80 жыл (1944)

Ақұштап Бақтыгереева, ақын, қазақтың жайықтың ақ шағаласы атанған ақын қызы. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2012). «Алаш» Халықаралық әдеби сыйлығының иегері. Батыс Қазақстан облысының құрметті азаматы (2017), Құрмет орденінің иегері (2005).

Қазақ поэзиясында өзіндік тұлға болып қалыптасқан, жырлары ойшылдығымен, образдылығымен, көркем тілімен, нәзік сезімімен оқырман жүрегін баулитын көрнекті ақын Ақұштап Бақтыгереева Орал облысы, Чапаев (қазіргі Ақжайық) ауданында дүниеге келген.

1966 жылы Қазақ қыздар педагогикалық институтының филология факультетін бітірген.

1966-1971 жылдары еңбек жолын «Орал өңірі» облыстық газетінен бастады, Талдықорған облыстық «Октябрь туы», Республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде қызмет істеген.

1971-1972 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында редактор, 1972-1975 жылдары «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер, 1975 – 1981 «Жазушы» баспасының аударма редакциясында редактор болған.

Қазіргі уақытта бірыңғай творчесвомен аналысады.

Оның азаматтық үні «Трибун-ақын», «Ақ Жайықтың көз жасы», «Елдің елдігі - бірлігі», «Оралдағы ойран» сияқты өлеңдерінде айқын көрінді. Туған елге деген сүйіспеншілік, ана тілі тағдыры, т.б. мәселелер ақын поэзиясының арқауы. Бақтыгереeваның шығармалары поэтикалық қуатымен, тілінің шырайлылығымен қазақ поэзиясына жаңа өрнек алып келді.

Оның өлеңдеріне Ө. Бәйділбаев, Қалдаяқов, Т. Бақтыгереев, т.б. ән жазған. Сонымен қатар С. Капутикян, В. Тушнова, А. Ахматова өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

Ақын өлеңдері орыс тіліндегі «Песня, мечта, любовь», «Чудесный сад» топтамаларына енді. 1980 жылы «Советская женщина», «Огонек» журналдарының жылдық сыйлығына ие болған.

Марапаттары: ҚР тұңғыш президенті - елбасының Н. Ә. Назарбаевтың жеке алғыс хаттарымен марапатталған; 2001 жылы «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі; 2004 жылы Орал қаласының Құрметті азаматы (құрметті атағы) берілді; 2005 жылғы президент жарлығымен Құрмет орденінің иегері; 2008 жылы «Астанаға 10 жыл» мерекелік медалі; 2011 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі; 2012 жылы ҚР тұңғыш президенті – елбасының қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен марапатталды; 2014 жылы ҚР Президенттік стипендиясының иегері; 2015 жылы «ҚР Конституциясына 20 жыл» медалі; 2016 жылы «ҚР тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі; 2016 жылы «Желтоқсан оқиғасына 30 жыл» құрметті төсбелгісінің иегері.

Шығармалары: Тұңғыш кітабы «Өрімтал» (1967), «Наз» (1969), «Қуанышым, іңкәрім» (1971), «Сені ойлаймын» (1973), «Аққанат» (1975), «Бақыт әні» (1978), «Жайық қызы» (таңдамалысы 1980), «Белокрылая» (1981), «Ақжелең» (1985), «Сүмбіле» (1990) т. б.

10 қыркүйек ***АМАНГЕЛДІ АЙТАЛЫ***
туғанына 85 жыл (1939-2022)

Амангелді Әбдірахманұлы Айталы, ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, Астрахань облысы, Володар ауданында, Болдырево селосында дүниеге келген.

1957 жылы Астрахань облысындағы Володар педагогика училищесін бітіріп, бастауыш мектеп мұғалім болып жұмыс жасады.

1959 - 1964 жылдар аралығында Атырау (Гурьев) педагогика институтында оқыды.

1964 - 1967 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітіріп, 1968 жылы философия ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғады.
1968 - 1999 жылдар аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде аға оқытушы, декан, философия және мәдениеттану кафедрасының менгерушісі, проректор қызметтерін атқарды.
1988 жылы Мәскеу қаласында философия ғылымдары докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.
1988 жылдан профессор. Философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы әлеуметтану ғылымдарының академигі.
1999 жылы Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланды.
2004 жылы Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты болып екінші рет сайланды.
2007 жылдың қыркүйегінен Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессоры. «Құрмет Белгісі» орденімен, ҚР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған. «Ақтөбе қаласының құрметті азаматы» /1999/, 2001 жылы «Парасат» орденімен марапатталған.
2009 жылы «Қазақстан ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» құрметті тәсбелгісінің иегері.
2015 жылы президент жарлығымен жоғарғы мемлекеттік марапат III дәрежедегі «Барыс ордені» мен марапатталды.
2016 жылы «Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл» мемлекеттік медалімен марапатталған. Қазақстан білім беру ісінің құрметті қызметкері. «Білім беру саласының үздігі».
100-ден астам ғылыми-зерттеу еңбектері бар. Ұлт мәселеріне арналған «Социализм и интернациональное воспитание масс» (1998), «Ұлттану» (2000), «Ұлт мұраты: депутат көзқарасы» (2003), «Байсалды ел байқаусыз қате жібермес» (2008) кітаптары мен 100 – ден астам ғылыми зерттеу мақалаларының авторы.
2022 жылы 12 желтоқсанда өмірден озды.
Шығармалары: «Ұлттану» (2000), «Ұлт мұраты: Депутат көзқарасы» (2003), «Толеранттылық және демократия» (2006), «Байсалды ел байқаусыз қате жібермес» (2008), «Қазақты намысы қамшыласын» (2009), «Человеческий капитал как социологическая проблема» (2010),

«Духовно-нравственное воспитание студенческой молодежи» (2011), «Қазақстандағы ұлт саясатының ерекшеліктері» (2011), «Әлеуметтік ғылымдар мәселелері» (2012), «Ұлт дегеніміз ұлы ынтымақтастық» (2013), «Дін және жастар» (2015), «Дін және діндарлық» (2017), «Адами капитал деген не?» (2017) т.б.

16 қыркүйек ***АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛАРМОНИЯСЫНЫҢ ұйымдастырылғанына 80 жыл (1944)***

Ақтөбе қаласындағы мәдени өмірінің көптеген ошақтарының арасында Ғазиза Жұбанова атындағы облыстық филармониясы ерекше орынға ие. Қазақстандағы алғашқы филармонияларының бірі соғыстың ауыр жылдарында ашылды. 1944 жылдың қыркүйегінде филармония залында қазақ халқының музыкасы және әлемдік классикасының туындылары естілді,

1998 жылы Ақтөбе облысының филармониясы сөзсіз шығармашылық жетістіктері үшін ҚР көрнекті музыка қайраткері, КСРО халық әртісі, композитор Ғазиза Жұбанованың есімі берілген.

Түрлі уақыт кезеңдерінде Ақтөбе облысының филармониясында Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Р. Ақжарова, Г. Қойшыбаева, Т. Оспанов, Ж. Сейілов және т.б. жұмыс істеген.

2002 жылы Ақтөбе облысының Әкімшілігі Ғазиза Жұбанова атындағы филармониясына Химиктердің мәдениет үйінің бұрынғы ғимратын тапсыру жайында шешім қабылдады. 2004 жылы ғимарат күрделі жөндеу мен қайта қалпына келтіруден өтті, одан кейін ғимаратта жоғары деңгейдегі мәдени іс-шараларын дайындау және өткізу үшін қазіргі стандарттарға толығымен сәйкес бола алды. Қазіргі кезде филармонияда 400 астам орны бар салтанатты көрермендер залы бар. Зал сахнасы дыбыстық және жарық техникалық жабыдығымен қамтамасыз етілген. Филармония ұжымдарының әр қайсысында кең репетициялық залдарда күнделікті сабақтарды өткізу мүмкіндігі пайда болды.

Филармония құрамына қазақтың халық аспаптарының оркестрі, камералық хоры,

«Аққу» би ансамблі, классикалық музыка ансамблі, сонымен қатар «Саз» балалар студиясы кіреді.

Қазақ халық аспаптарының оркестрі 2003 жылы құрылған. Оркестрдің көркем жетекшісі бас дирижер, ҚР мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткері, профессор, композитор К. Қожанбаев болып табылады. 2007 жылдың қаңтарында қазақ халық оркестріне Ахмет Жұбановтың аты берілген. Оркестр репертуарында халық күйлер, қазақ және шетел композиторларының туындылары бар. А. Жұбановтың оркестрі «Европа-Азия-2007» оркестрлер мен халық аспаптар ансамбльдерінің халықаралық фестивалі (РФ Магниторск қ.) Гран-При иегері болды.

Камералық хор Ақтөбе облысында ғана емес, сонымен қатар бүкіл Қазақстандағы басты хор ұжымдарының бірі болып табылады. Хор жетекшісі А. Имұхамбетова болып табылады. Хор репертуары үнемі қазақстандық пен шетел композиторларының жаңа туындыларымен толықтырылады. Камералық хордың гастрольдері Қазақстанның барлық қалаларында және жақын орналасқан шетел елдерінде өтіп жатады, ол «Жұбанов көктемі -2007» хор музыкасының халықаралық фестивалінің (Ақтөбе қ.) лауреаты болып табылады.

«Аққу» би ансамблі 2000 жылы құрылған. Көркем жетекшісі ҚР еңбек сіңірген қайраткері Г. Мамбетова болып табылады. 2003 жылы ансамбль «Шабыт-2003» Халықаралық фестивалінің (Астана қ.) I дәрежесіндегі лауреаты болды. Ансамбль ұжымы Ш. Жиенқұлова атындағы Республикалық байқауының дипломанты, Қырымдағы, Түркиядағы Халықаралық фестивальдерінің лауреаты болды, Сирия астанасы Дамаск қаласында өткен Халықаралық халық шығармашылығы фестиваліне қатысқан.

Марат Айтымов басқарған классикалық музыка ансамблі түрлі дауыстарға ие болатын және түрлі техниканы меңгерген солисттердің бірлестігі болып табылады. Ансамбльдің көркем жетекшісі М. Айтымов болып табылады. Ансамбль ұжымы шығармашылығы жағынан кәсіби шеберлігінің жоғарылаумен қатар репертуарын ақтөбелік және қазақстандық композиторларының туындыларымен, қазақ халық әуендерінің өңдеулерімен, орыс және Батыс Еуропалық классикалық музыкасының үлгілерімен толықтырып отырады.

Ансамбль құрамында жетекші солисттер, халықаралық және республикалық фестивальдері мен байқауларының лауреаттары: Марат Айтымов, Свелана Айтбаева, Жайлау Асылханов, Жұлдыз Нұрқасымова және т.б. бар.

«Саз» балалар студиясы 2006 жылы ашылды. Студияның көркем жетекшісі Н. Малиновская болып табылады. «Саз» студиясында вокал ансамблі, хореаграфиялық ансамбль, балалар хоры, би ұжымы, эстрадалық-үрмелі ансамбль және қазақ халық аспаптарының ансамбль бар. Өзінің жас болғанына қарамастан, «Саз» хореаграфиялық ансамблі Гран-При иегері болды, ал қазақ халық аспаптарының ансамблі «Айналайын-2006» Халықаралық фестиваль байқауында II дәрежедегі лауреат болып атанды.

Ғазиза Жұбанова атындағы филармонияның әр ұжымы туралы ұзақ әңгіме айтуға болады, одан да олардың өнер көрсеткендерін өз көзімен көру және өзгеше және дарынды шығармашылығымен танысу жөн болады. Филармония залы әрдайым музыкалық өнерінің әуесқойлары үшін ашық.

Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының ұжымы 2017 жылы Әбілқайыр хан даңғылының ең көрікті жерінде, Ақтөбе облысының әкімі Б.М.Сапарбаевтың бастамасымен салынған, 13 мың шаршы аумақты алып жатқан, 1200 орындық заманауи концерт залы бар, халықаралық деңгейдегі мәдени шараларды өткізуге лайықталған «Өнер орталығы» ғимаратына көшті.

2017 жылдың 1-ші желтоқсан күні, «Өнер орталығының» салтанатты ашылуы болды. Ашылу салтанатына ҚР еңбек сіңірген қайраткері, композитор Төлеген Мұхамеджанов, Қазақстанның халық әртісі, опера әншісі Нұржамал Үсенбаева, белгілі актер, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Досхан Жолжақсынов, «Дарын» жастар сыйлығының иегері Қарагөз Сүлейменова қатысты. Сондай – ақ қазақтың әйгілі күйші композиторы Нұрғиса Тілендиевтің жетекшілігімен құрылған “Отырар сазы” фольклорлық-этнографиялық халық аспаптары оркестрі, оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері ҚР енбек сіңірген қайраткері Дінзухра Нұрғисақызы Тілендиева келді.

Қазіргі уақытта Ғ. Жұбанова атындағы облыстық филармония - үлкен өнер ордасы, мәдени шараларды жоғары деңгейде өткізуге және оны дайындауға мүмкіндігі мол, өзінің жаңа заманға лайықты ғимараты бар. Филармония ұжымы өз артистерінің жетістіктерін мақтан тұтады.

17 қыркүйек ***МАРАТ ОСПАНОВ***
туғанына 75 жыл (1949-2000)

Марат Тұрдыбекұлы Оспанов, қоғам қайраткері, ҚР парламенті мәжілісінің тұңғыш төрағасы, Еуразия халықаралық экономикалық Академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, Ақтөбе қаласында жарық дүние есігін ашқан. № 6 орта мектепте алғаш мектеп табалдырғын аттап, білімнің алтын қайнарымен сусындаған, № 2 мектепті тәмәмдаған. Бала кезінен зейіні мол боп өскен. Оны білім нәрімен сусындатқан ұстаздарының айтуы бойынша М.Оспанов еңбекқор, қарапайым, бәрін білуге құштар, зейінді оқушы болған, спортқа бейім болған, шаңғы және де футбол спорт түрлеріне қызығушылық танытқан. Басқа да балалар секілді өзінің ортасы болған. Бала кезінен бастап бойында көшбасшылық қасиеттер басым болған.

1971 жыл - Қазақ КСР-і Мемлекеттік жоспарлау, есептеу орталығының ғылым зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер.

1971 жыл - Мәскеу халық шаруашылығы институтын бітірген.

1972–1976 жж. - Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында оқытушы, кафедра меңгерушісі.

1979 жыл - Қаз МУ-дың аспирантурасын (қазіргі Қаз ҰУ) бітірген.

1979-1990 жылдары - Партия ұйымының хатшысы.

1990-1991 жылдары - Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің Экономикалық реформа, бюджет пен қаржы мәселесі жөніндегі комитет төрағасының орынбасары.

1991-1992 жылдары - ҚР Мемлекеттік Бас салық инспекциясы бастығының орынбасары.

1992-1994 жылдары - ҚР Қаржы министрінің 1-орынбасары - Бас салық инспекциясының бастығы.
1995 жыл - ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Шетелдік капиталды игеру жөніндегі комитеттің төрағасы.
1996-1999 жылдары - ҚР Парламентінің бірінші шақырылымдағы Мәжілісінің төрағасы.
1999-2000 жылдары - «Отан» партиясы төрағасының орынбасары.
1995-2005 жылдары - 1 және 2-шақырылымдағы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.
М. Оспанов елдегі қоғамдық-саяси процестерге белсенді араласып, республика Парламентінің қалыптасуына, саяси және экономикалы реформалардың әзірленіп, жүзеге асырылуына үлес қосты. Оспанов қаржы және бюджет, салық т. б. экономика салаларына арналған 100-ден астам ғылыми мақала, 8 монография жазды.
1999 жылы «Тұрақтанудан өсімге қарай» (1999-2005) атты дағдарысқа қарсы экономика бағдарламасын жариялады, кейін бұл ҚР Үкіметінің экономика бағдарламасына негізе алынды.
Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина академиясына, Алматы мен Ақтөбе қалаларының көшелеріне Оспанов есімі берілді.
2 дәрежелі «Барыс» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.
Шығармалары: «Агробизнес теориясы мен тәжрибесі» (1997), «Иностранный капитал и инвестиции: вопросы теории и практики привлечения и использования» (1997), «Гармонизация налоговых отношений» (1997) т.б.

1 қазан ***САҚТАҒАН БӘЙІШЕВ***
туғанына 115 жыл (1909-1982)

Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев, ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның академигі, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ақжар ауылында дүниеге келген.
1937 жылы Марксизм-ленинизм институтын бітірген.
1937-1938 жылдары Қазақ марксизм - ленинизм ғылыми зерттеу институтының директоры.

1938 - 1941 жылдары «Социалистік Қазақстан» (қазір «Егемен Қазақстан») газетінің жауапты редакторы қызметтерін атқарды, осылармен бір мезгілде Алматы жоғары оқу орындарында дәріс оқыды.

Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысқан (100-атқыштар бригадасының, 364-атқыштар дивизиясының саяси бөлім бастығы, Кеңес Армиясы Саяси бас басқармасы аппаратында жауапты қызметкер болды).

1946 - 1956 жылдары Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтының директоры

1956 - 1968 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясының вице - президенті қызметімен қатар, Экономика институтының директоры (1963 - 1967)

1968 - 1982 жылдары осы институттың бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Осы жылдары ол елімізде ғылыми кадрлар даярлау, жаңа ғылым салаларын қалыптастыру ісіне елеулі үлес қосты. Қазақстандағы социал - демократиялық қозғалыстың тарихын жазу, марксизм - ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, басып шығару жөнінде үлкен ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізді. Оның ұсынысы бойынша Партия тарихы институтында арнаулы аударма секторы құрылды. Мұнда көптеген әлеуметтік - экономикалық ұғымдардың қазақ тіліндегі баламалары тұңғыш рет тілдік айналымға енгізіліп, әлеуметтік - экономикалық әдебиетті ғылыми тұрғыда аударудың негізі қаланды.

Бәйішевтің ғылыми еңбектері Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың тарихын, республика экономикасының даму кезеңдері мен саяси экономика мәселелерін зерттеуге арналған. Ғалым 300-ден аса ғылыми мақала, 7 монография жариялады. Бұл еңбектер сол кезеңмен үндес, республиканың әлеуметтік - экономикалық жағынан дамуындағы шұғыл қажеттіліктер талабына сай келді. Бәйішев Қазақстанның өндіргіш күштерін орналастыру, республика еңбек ресурстарын саралау және оларды қоғамдық өндіріс мақсатына тиімді пайдалану, республикада экономика ғылымын дамытудың ірі де келешегі мол бағыттарын тұжырымдаудың көш басында болды.

Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты (1968). КСРО орден, медальдерімен марапатталған: Октябрь революциясы ордені, 1 дәрежелі Отан ордені, Еңбек Қызыл Туы ордені, Құрмет белгісі ордені, Берлинді алғаны үшін медалі.

Шығармалары: «Актуальные проблемы марксистско-ленинской экономической теории» (1979), «Вопросы социально-экономического развития Советского Казахстана» (1981).

15 қазан ***СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН***
туғанына 130 жыл (1894-1938)

Сәкен (Сәдуақас) Сейфоллаұлы Сейфуллин, ақын және жазушы, көрнекті мемлекет қайраткері, қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген.

1905-1908 жылдары Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде оқыған.

1908-1913 жылдары қалалық училищеде, 1913-1916 жылдары Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқыған, онда Мағжан Жұмабаевпен бірге оқыды.

Омбыда қазақ жастарының «Бірлік» атты үйымы басшыларының бірі болып, патша өкметінің қысымына қарсықүрес пен қазақ арасына оқу-білім тарату ісіне араласты.

1914 жылы Қазанда «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағын бастырды.

1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске тілектес ниетте өлеңдер жазды.

1917 жылы «Жас қазақ» үйымын құрады, «Тіршілік» газетін шығаруға қатысады.

1918 жылы 4 маусымдағы Ақмоладағы ақтар төңкерісінен соң тұтқындалып, 1919 жылы 5 қаңтарда Петропавлдегі түрмеге жіберілген. Ол 47 күн бойы (24 қаңтар-12 наурыз), атаман Анненковтың «өлім поезынан» өтті.

Омбыда ол Колчак түрмесінен қашып (3 сәуір) шілдеде туған ауылына жетті.

1920 жылы 7 мамырда Ақмолаға қайтып келіп, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болады.

1920 жылы 4 қазанда Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің 1-Құрылтай съезіне делегат болып қатысып, Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық етті.

1922-1925 жылдары «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Халық ағарту Комиссарының орынбасары болды. Қазақ АССР Кеңесінің 3 съезінде Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

1925 жылы 7 сәуірде Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылым орталығының төрағасы, 12 маусымда Қазақстан пролетар жазушылары ассоциациясының (Қаз АПП) басшысы болып тағайындалады.

1926 жылы БК(б)П Өлкелік комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, 1927 жылы Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының директоры болып жұмыс істеді.

1927 жылы шыққан «Жыл құсы» альманахына басшылық етті, «Жаңа әдебиет» журналын ашуға (1928 жылдан бастап) атсалысты.

1927 жылы «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық шығармасын жеке кітап етіп шығарды.

1929 жылы қазақтың зиялы азаматтарына арнап ауыз әдебиеті үлгісін жинау жөнінде жазған «Ашық» хатын жариялады. Қазақтың мемлекеттік педагогика институтының доценті болды.

1932 жылы «Әдебиет майданы» журналының редакторы, 1934 жылы Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры қызметін атқарды.

1936 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен бірінші онкүндігіне қатысты.

Жазушының шығармалары шет тілдеріне аударылған. Қазақ жазушылары ішінен тұңғыш рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. С. Сейфуллиннің өмірі мен шығармалары туралы

С. Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» пьесасы, Ғ. Мүсіреповтың «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі, Ә. Тәжібаев, Қ. Бекхожин, А. Тоқмағамбетов, тағы басқалардың поэмалары, Е,Ысмайылов, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, тағы басқалардың әдеби зерттеулері, естеліктері жарық көрген.

1938 қуғын-сүргінге ұшырап, Алматыда атылды.

1958 жылы ақталды.

Шығармалары: «Көп томдық шығармалар жинағы» (2013); «Бес томдық шығармалар» (1988); «Бес томдық шығармалар» (1987); «Шығармалар» (2013); «Шығармалар. 2 томдық» (2013); «Аққудың айрылуы» (2003); «Бандыны қуған Хамит» (1965); «Домбыра» (2005); «Көкшетау» (1994); «Өлеңдер мен поэмалар» (2009); «Сол жылдарда» (1973); « Тар жол, тайғақ кешу» (2013); «Многотомное собрание сочинений» (2012); «Избранное» (1987); «Тернистый путь» (2011).

15 қазан ***БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ***
туғанына 100 жыл (1924-1991)

Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев, қазақ балалар жазушысы, Алматы облысының Нарықөл ауылында дүниеге келген.

Абай атындағы қазақ педагогика институтын, кейіннен Мәскеуде Жоғары әдеби курсты бітірген.

Біраз жыл ауыл мектебінде бала оқытқан.

«Қазақ әдебиеті» газетінде, «Балдырған» журналында, Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында істеген.

Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі әдеби кеңесші болған.

Шығармашылық жолын өлеңмен бастап, 1950 жылы «Бұлақ» атты жыр жинағын шығарған. Кейін балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман кітаптарын ұсынды.

«Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Боз төбеде бір қыз бар», «Өлгендер қайтып келмейді» және «Қайдасың, Гауһар» секілді туындылары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тілдеріне аударылып, сахналық, экрандық нұсқаға айналған.

Б.Соқпақбаевтың қырқыншы жылдардағы жастар өмірінен жазған «Өлгендер қайтып келмейді» романы (1940-1974) орыс тіліне аударылып басылды (1969). «Менің атым Қожа» повесі балалардың сүйіп оқитын шығармасына айналып, орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды (68 тілде жарық көрді).

1967 жылы балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде «Менің атым Қожа» фильмі (Бердібек Соқпақбаевтың сценарийі) арнаулы жүлдеге ие болды.

«Балалық шаққа саяхат» атты повесті бойынша жазылған киносценарий де фильмге түсірілді (1965).

Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Шығармалары: «Бұлақ» (1950) өлеңдер жинағы, «Он алты жасар чемпион» (1951), «Бақыт жолы» (1952), «Алыстағы ауылда» (1953), «Балалық шаққа саяхат» (1960), «Дала жұлдызы» (1960), «Аяжан» (1963, орыс тілінде 1965), «Гауһар» (1966), «Менің атым Қожа» (1957), «Бозтөбеде бір қыз бар» (1958), «Әпенденің айласы» (1960).

15 қазан ***ТОБЫҚ ЖАРМАҒАМБЕТОВ***
туғанына 90 жыл (1934-1979)

Жармағамбетов Тобық Мырзағұлұлы, ақын, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылында дүниеге келген.

1957 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Кейін Жарқамыс орта мектебінде мұғалім болып қызмет істеген.

1959-1971 жылдары Байғанин аудандық «Жаңа өмір» газетінің жауапты хатшысы, редактордың орынбасары болып қызмет атқарған.

Алғашқы «Ескі жұрт» атты әңгімесі, кейін «Отамалы» және «Хаттар, хаттар..» әңгімелері «Жұлдыз» журналында жарық көрді. Осы әңгіме 20 ғасырдың 60-жылдарының басында жарық көрген жас прозашылардың «Жол басы» деп аталатын тұңғыш жинағына енді.

1960 жылы Ақтөбе облыстық теледидары ашылып, Т. Жармағамбетов оның алғашқы бас редакторы болды. Кейін облыстық «Коммунизм жолы» (қазіргі «Ақтөбе») газетінің әдебиет бөлімінде жұмыс жасады. Өмірінің соңғы кездерінде мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамында қызмет істеген.

Отандық повесть, әңгіме, теледраматургия жанрының дамуына қосылған елеулі үлес боп табылатын «Екі жүрек» (1968), «Нәзік бұлттар» (1966), «Қызыл ай» (1970), «Сентябрь түні» (1970), «Соңғы хат» (1974) кітаптарын жариялайды. Қаламгердің таңдамалы шығармалары «Ақ жауын» деген атпен жарық көрді (1984).

Шығармалары: «Екі жүрек» (1968), «Нәзік бұлттар» (1966), «Қызыл ай» (1970), «Сентябрь түні» (1970), «Соңғы хат» (1974), таңдамалы шығармалары «Ақ жауын» (1984).

19 қазан ***РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ***
туғанына 100 жыл (1924-1988)

Рақымжан Қошқарбаев, Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Халық қаһарманы, Ақмола облысы Ақмола ауданы Тайтөбе ауылына жақын орналасқан Қырыққұдық қыстағында дүниеге келген.

1942 жылы әскерге алынып, 1944 ж. қазанда Фрунзедегі (Бішкек) жаяу әскер училищесін бітірген.

1944 жылы қазан айынан бастап I Белорусь майданындағы 150-Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатынасты.

Лейтенант Қошқарбаев Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсетті. 30-сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. Соғыстан кейінгі жылдары Эльба бойындағы кеңестік оккупациялық әскер бөлімінде қызмет атқарды.

1947-1967 жылдары Ақмола облыстық атқару комитетінде нұсқаушы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы қоныс аударушылар жөніндегі бас басқармада инспектор болды.

1967 жылдан «Алматы» қонақ үйінің директоры болды.

Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.
Рақымжан Қошқарбаевтың Ұлы Отан соғысында алғашқылардың бірі болып, Берлинде Рейхстагтың үстіне қызыл туды тікті.
Балалық шағы. Рақымжан Қошқарбаев ата-анасынан ерте айырылды: 4 жасында анасы дүниеден өтті, ал әкесі болса, жалған саяси жаламен сотталып, ГУЛАГ лагерьлерінде болды. Рақымжан Тайтөбе балалар үйінде тәрбиеленді. 7 жылдық мектепті бітірген соң, осы арадан Балқаш қаласындағы фабрика-зауыт училищесіне (ФЗУ) жіберілді

Рақымжанның майдандағы соғыстарға қатысуы мерзімді баспасөзде және көркем әдебиетте жан-жақты жазылды. Берлиннің өзінде болған соғыстарда ол өзінің взводымен ең алдыңғы шептерде болды, Шпрееге — соңғы сулы бөгетке және Король алаңына — «Гитлердің үйіне» бірінші болып жетті. «Бірінші» дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталды. Одер өзенінен өтудегі қанды шайқастан кейін оны партия мүшелігіне қабылдады. Ал партия билеті аса маңызды бекіністі және саяси маңызды мақсатқа жетудің мадақтау белгісі ретінде «Гитлердің үйінде» табыс етілді. Осында «Гитлердің үйінде» барлау взводының командирі, лейтенант Қошқарбаевқа Рейхстагқа Қызыл туды тігу туралы тарихи жауынгерлік бұйрық берілді. Жалауды оған батальон командирі Давыдов және саяси жетекші Васильченко табыс етті. «Гитлер үйі» мен Рейхстагка дейін арақашықтық 360 метр ғана, бірақ ол жан-жағынан оқжаудырылған ашық алан, үстінде еді. Лейтенант Қошқарбаев өзінің солдатгарымен бұл қанды метрлерді толассыз атылған оқтың астында 7 сағатта, жерге жабыса еңбектеумен өтті. Рейхстагқа ол Григорий Булатов деген солдатпен бірге жетті және бұйрықты орындап, Рейхстагтың фронтанына туды тікті. Бүл сәуірдің 30-ы күні 18 сағат 30 минутта болған еді. Алайда Р.Қошқарбаевтың ерлігін дәлелдейтін құжаттар Кеңестік саясаттың салдарынан құпия сақталды.
1958 жылы 21 ақпанда «Лениншіл жас» газетіне К.Қазыбаевтың «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» очергі жарық көргеннен бастап қазақ халқы Р.Қошқарбаевты батыр деп қабылдады. Тарихи ерлік жайындағы бұл хабар бүкіл әскери бөлімдерді шарлады, баспасөзде кеңінен хабарланды.

Бұрынғыдай мұнтаздай, денесі тіп-тік, келбетті жігіт қалпы. Омырауын жауынгерлік «Қызыл ту», «1 дәрежелі Отан соғысы» ордендері, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдары ажарландырып түрды. «Жауынгерлік Қызыл Ту» ордені Рейхстагқа ту тіккені үшін беріліпті. Халық қаһарманы атағы Р.Қошқарбаевқа 2001 жылы берілді. Ал Рақымжан 1988 жылы дүниеден өткен еді. Шығармалары: «Штурм: День 1410» (1983), «Знамя Победы. Жеңіс жалауы» (1978)

22 қазан ***ӘБДІЖАМІЛ НҰРПЕЙІСОВ***
туғанына 100 жыл (1924-2022)

Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов, Қазақстанның халық жазушысы, XX ғасырда қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан суреткерлердің бірі, қоғам қайраткері, Қызылорда облысы, Арал ауданының Құланды ауыл кеңесіне қарасты Үшкөң ауылында дүниеге келген.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ардагері, Оңтүстік және Прибалтика майданында, Луганск түбінде миномёт ротасында саяси қызметкер, кейін штабист ретінде Балтық маңында Курляндия плацдармындағы шайқастарға қатысқан.

1946 жылы желтоқсанда әскерден босанған Әбдіжәміл армия қатарында жүріп бастаған «Курляндия» романын жазуға кіріскен. Бұл роман 1950 жылы жарық көреді. Оны бітіріп баспаға берген соң, бір жыл Қазақ мемлекеттік университетінде оқыды. 1954 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтына түсіп, оны 1956 жылы бітірді. Тырнақалды кітабы үшін Жамбыл атындағы республикалық сыйлықтың иегері атанды. Проза саласында үзбей еңбектенуімен қатар, өткір сынымен, публицистикалық мақалаларымен де көзге түсті.

1962-1964 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының органы - «Жұлдыз» журналының бас редакторы да болып қызмет істейді, Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты да болды.

1964 жылдан бері ұзақ жылдар бойы бірыңғай шығармашылық қызметпен шұғылданып, нарық заманында халықаралық ПЕН клубын ұйымдастырып, оның президенттігіне сайланды.

2000 жылдан бастап ПЕН клубы жанынан «Таң-Шолпан» журналын шығарады. Көп жылдар осы әдеби-көпшілік журналының редакторлар кеңесінің төрағасы болған.

Өткен XX ғасыр қазақ әдебиетіне мол сыбаға қосқан суреткерлердің бірі - Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы, басқа да шығармалары отыз шақты шетел тіліне аударылып, ұлттық әдебиетімізді дүние жүзіне танытып, әлем әдебиетшілері қасқа-жайсаңдарының үздік бағасына ие болды. Атап айтсақ, Француз Луи Арагон, ресейлік Юрий Казаков, Сергей Баруздин, Анатолий Ким, Николай Афанасьев, Лев Аннинский, Леонид Теракопян, Валентин Оскоцкий, испандық Август Видаль, қырғыздық Шыңғыс Айтматов, башқұрттық Мұстай Карим, немістер Лео Кошут, Ральф Шрейдер, қазақстандық Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұхамеджан Қаратаев, Тахауи Ахтанов, Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Герольд Бельгер, Ақселеу Сейдімбек, т.б. ол туралы тебірене жазды.

Ә.Нұрпейісов көркем аударма саласында да еңбек етті. Ол А. Чеховтың, М. Горькийдің, Н. Хикметтің, испан жазушысы А. Кассоның шығармаларын қазақ тіліне аударған. Жазушының шығармалары одақтас елдер және шетел тілдеріне аударылған.

«Қан мен тер» трилогиясы, «Соңғы парыз» дилогиясы Ә.Нұрпейісовтің ғана емес, күллі қазақ әдебиетінің табысы. Жазушының ерен еңбегі елдің, мемлекеттің жоғары бағасына ие болды. Жазушы ретінде «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», Қазақстан мемлекетінің «Отан» орденімен марапатталған.

Ол – КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері.Бұл мәртебелі сыйлықты жазушылардан Қазақстанда үш қаламгер: Мұхтар Әуезов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Жұбан Молдағалиев қана алған.

1978 жылы Әзірбайжан Мамбетов пен Юрий Мастюгин Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романының желісі бойынша екі бөлімнен тұратын кино түсірді. 2008 жылдың 14-қараша күні Ақтөбе қаласында «Қан мен тер» трилогиясының кейіпкерлеріне арналған Ерік Жауымбаевтың ескерткіші ашылды.

Бұл Қазақстандағы әдеби туындының кейіпкерлеріне арналып жасалған алғашқы туынды.
Мүсіндік композицияда «Беларан» аралындағы романның негізгі жеті кейіпкері және ит мүсінделген.

Шығармалары: Төрт томдық шығармалар жинағы (1981), Шығармалары (2008), «Ақ бидай туралы аңыз» (1985), «Курляндия» (2005),
«Күйреу: «Қан мен тердің» 3 кітабы (1970), «Күткен күн» (1979), «Сең» (1983), «Соңғы парыз» (1999) т. б.

15 қараша ***БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН***
туғанына 130 жыл (1894-1938)

Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин, жазушы, драматург, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, қазіргі Қостанай облысының Бейімбет Майлин ауданында дүниеге келген.
Бір жасқа толмай жатып әкесінен, алтыға шығарда шешесінен айрылған. Жетімдік зардабын шегіп, байларға жалданады. Алғаш ауыл молдасынан оқып сауат ашқан.
1911-1915 жылдар аралығында Троицк қаласындағы Уәзифа медресесінде, Қостанайдағы орысша қазақша мектепте, Уфадағы Медресе Ғалияда оқып білім алған.
1916-1919 жылдары мұғалім болады, жазушылықпен шұғылдана бастайды. «Қазақ», «Ауыл» газеттері мен «Айқап», «Садақ» (Садақ журналы) журналдарына жазып тұрады.
Бейімбет Майлин «Еңбекшіл қазаққа» «Еңбек туы» болып тұрған кезде-ақ атсалыса бастаған. Алғаш мақалаларымен қатысқан ол әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, хатшысы да болған, редакторлыққа дейін өскен. Бірақ көп істемеген.
1920-1922 жылдары газетті жасауға алғаш шығарушылар алқасы басшылық жасап, кейін жекелеген тұлғалар келе бастаған тұста басылымға Бейімбет Майлин секілді жеті-сегіз адам жетекшілік еткені мәлім. Содан соң, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет істеп (1922-1923), Қостанайдағы губерниялық «Ауыл» газетінде шығарды (1925).

1925-1928 жылдары қайтадан «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет істеп, Қазақтың пролетар жазушылары ассоцияциясын (ҚазАПП) ұйымдастыруға қатысты (1928-1932). Мұнан кейінгі 30-шы жылдарында «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, «Ауыл тілі», «Қазақ әдебиеті» басылымдарының бас редакторы болып істейді.
1938 жылы жазықсыз тұтқындалып, қызыл қырғын саяси репрессияның құрбаны болды.
Бейімбет қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін ұзартып, өресін биіктетуге қомақты үлес қосқан. Оның «Байдың қызы», «Рәзия қызы», «Қашқын келіншек», «Зайкүл», «Маржан», «Өтірікке бәйге», «Хан күйеуі» «Кемпірдің ертегісі», «Бөліс», «Мырқымбай» поэмалары тақырыбының әр алуандығымен, оқиғалық тартымдылығымен, өзіндік тіл стилімен қазақ поэзиясының көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады.
Бейімбет Майлы дарыны оның прозалық шығармаларында айрықша жарқырап көрінген. Әсіресе, қазақ прозасында әңгіме жанры Бейімбет шығармалары арқылы кемелдене түсті. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандығымен дараланады. Ол көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер.
Бейімбет он беске тарта повесть, бұған қоса «Азамат Азаматович» атты роман жазған қаламгер. Оның «Қызыл жалау», «Қоңсылар» атты романдары аяқталмай қалған. Мұның сыртында ол ірілі ұсақты 25 пьеса, либретто, сценарийлердің авторы.
Бейімбет Майлиннің шығармалары қазақ әдебиетін барлық салада байытқан рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі бірге жасайтын болады.
Шығармалары: «Шығармалар жинағы» (2012); «Ел сыры» (1994); «Көшпелі махаббат» (2003); «Шұғаның белгісі» (2008);

22 қараша ***ЕСЕТ ЖҰБАНОВ***
туғанына 95 жыл (1929- 2007)

Есет Құдайбергенұлы Жұбанов, ғалым, филология ғылымдарының докторы (1997), профессор (1996), Ақтөбе қаласында туған. Әкесі - Құдайберген Жұбанов.

1936 жылы алғашқы білім жолын Алматыдағы № 12 қазақ орта мектебінен бастайды.

1938 - 1943 жылдары ауылға көшіп келіп, «Қызылжар» жеті жылдық мектебінде оқуын жалғастырып, мектебіндегі оқуын өте жақсы бітіреді.

1944-1946 жылдары Ақтөбе қаласындағы Н.Байғанин атындағы 2 жылдық мұғалімдер институтының даярлық курсын аяқтап, осы институттың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімшесіне қабылданады.

1947-1951 жылдары Алматыдағы Абай атындағы Қаз ПИ-де оқып, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын игереді.

1951 - 1957 жылдары Петропавл педагогикалық училищесінің оқытушысы, Солтүстік Қазақстан облысының мұғалімдер білімін жетілдіру институтының бөлім меңгерушісі, оқу бөлімінің нұсқаушысы, «Қазақстан мұғалімі» газетінің қызметкері.

1957–1959 жылдары Тіл және әдебиет институттында ғылыми қызметкер, 1959 - 1961 жылдары осы институттың аспиранты болған.

1959 - 1961 жылдары Тіл және әдебиет институттың аспиранты болып, академик І.Кеңесбаевтың жетекшілігімен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосының тілін зерттейді.

1966 жылы әкесі профессор Құдайберген Жұбанов еңбектерін таңдамалы бір томдығын, академик Ахмет Жұбановтың «Ән-күй сапары» атты көлемді еңбегін, «Абай» энциклопедиясын, тағы басқа ондаған академиялық жинақтарды шығаруға тікелей қатысады.

1962–1991 жылдары кіші, аға ғылым қызметкер болған.

1991 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры М.Арынов «Жұбановтану» зертханасын басқаруға Алматыдан Қ.Жұбановтың баласы - Есет Құдайбергенұлы Жұбановты шақырды.

1996 жылы Есет Құдайбергенұлына «Ақтөбе университетінің профессоры» атағы берілді.

1997 жылы «Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері» деген тақырыпта филология ғылымдарының докторы ғылыми атағы үшін жазған диссертация қорғады.
1999 жылы университеттің Ғылыми кеңесінде профессор Е.Қ. Жұбановтың 70 жасқа толғаны аталып өтті.
2003 жылы «Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері» оқу құралы жарық көрді.
2003 жылы оқу-білім саласы бойынша «Ақтөбе облысының Жыл адамы» деп танылды.
2004 жылы «Ақтөбе қаласының құрметті азаматы» деген марапатқа ие болды.
2007 жылы 4 сәуірде Есет Құдайбергенұлы Жұбанов 78 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.
2010 жылы «Толғауы тоқсан қызыл тіл: лингвомәдениет танымының көкжиектері» зерттеулер мен зерделеулер» жинағы жарық көрді.
2019 жылы 25-26 қазанда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл, Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың туғанына 90 жыл толуына арналып, «Жұбанов тағылымы-Х» дәстүрлі халықаралық ғылыми конференциясы ұйымдастырылды.

Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың марапаттары:
Мұғалжар ауданының құрметті азаматы; «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалі; «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері»; Ы.Алтынсарин атындағы медаль иегері.

Шығармалары: «Литературно - лингвистические особенности «Козы-Корпеш – Баян-Сулу» (1967); «Эпос тілінің өрнектері» (1978); «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының текстологиясы» (1994); «Қазақтың ауызекі көркем тілі» (1996); «Халық әдеби тілін зерттеудің лингвистикалық аспектілері» (1997) т.б.

6 желтоқсан ***ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ***
туғанына 85 жыл (1939- 2015)

Әбіш Кекілбайұлы, Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы (бұрынғы Гурьев облысы), Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде туған.

Әбіш Кекілбайұлы 1947 жылы Таушықтағы мектептің 1 сыныбына барып, 1948-1954 жылдары Оңды орталау, ал 1956-57 жылдары Үштағандағы орта мектепте оқиды.

Әдебиетке құмарлығы мектеп қабырғасында басталады. 1957 жылы 5 мамыр «Ленишіл Жастың» белсенді ауылдық тілшісі ретінде Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің мақтау қағазымен марапатталады.

Қазақстан Республикасының алғашқы Мемлекеттік хатшысы (1996-2002), Парламент Сенатының депутаты (2002-2015).

Атақты қаламгердің әдебиетке құмарлығы мектеп қабырғасында басталады. 1957 жылы 5 мамыр «Лениншіл Жастың» белсенді ауылдық тілшісі ретінде Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің мақтау қағазымен марапатталады.

1957 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетіне түседі. Университетте әдебиет бірлестігін басқарып, жас талаптар шоғырын жарыққа шығарады. Соңғы курста оқып жүріп, «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарады. Мұнда ол сыншылық қабілетімен көзге түседі. «Қазақ әдебиетінен» кейін 1962-1965 жылдар аралығында «Лениншіл Жас» газетінде бөлім меңгерушісі болып істеді. Ол Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері (2009) көрнекті мемлекеттік, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі (2009), Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің, Л. Гумилев атындағы Ұлттық Университетінің, Ақтау, Атырау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жезқазған Университетінің және ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының құрметті профессоры, АҚШ-тың Кентуки штатының құрметті полковнигі,

Маңғыстау, Атырау обылысындарының, сондай-ақ республикамыздың бірқатар аудандырының құрметті азаматы.

Әбіш Кекілбайұлының алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» 1962 жылы, «Бір шөкім бұлт» 1965 жылы жарық көрді. Ауыл өмірінен жазылған повесть, әңгімелер жинағы «Дала балладалары» - Әбіш Кекілбайұлының кең тынысты эпик, суреткерлік болашағын танытады.

Әбіш Кекілбайұлының «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984) романдары қазақ әдебиетінің үлкен табысы ретінде бағаланып, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды.

2001 жылы шыққан «Талайғы Тараз», 2002 жылы шыққан «Шандоз» тарихи тақырыпты ғылыми дәйекпен, дерекпен түсінікті ұғымды етіп жеткізудің жаңа бағыт-бағдарын белгілеп берді. 2009 жылы «Сыр десте» деп аталатын автордың көп жылдық ой-толғаулары, эссе, естелік, сөйлеген сөздерінің 5 томдық жинағы жарыққа шықты.

Шығармалары: «Ханша- Дария хикаясы. Балладалар мен роман» (2003); «Заманмен сұхбат ой-толғамдар» (1996); «Махаббат мұнарасы» (2005); «Үйқыдағы арудың оянуы: бір өлкенің бүгініне,өткеніне және келешегіне саяхат» (1979) т. б.

17 желтоқсан ***ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ***
туғанына 130 жыл (1894-1938)

Телжан Шонанов, қоғам қайраткері, тілтанушы - түркітанушы, ағартушы педагог, аудармашы, қазіргі Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында дүниеге келген.

1908–1912 жылдары Ырғыздағы орыс-қазақ училищесінде оқыған.

1912–1916 жылдары Орынбордағы қазақ мұғалімдер институтында оқыған.

1916 жылы Ырғыз уезінде мұғалім болып істеді.

1921 жылы Ырғызда тұтқынға алынып, Орынбордағы ОГПУ бөлімінде тергелді.

1922 жылы түрмеден босатылады.

1922–1926 жылдары Орынборда Халық ағарту комиссариаты (ХАК) жанындағы Академиялық орталықта қызмет атқарды.
1926–1929 жылдары Қызылордада Қазақ Халық ағарту институтында оқытушы болып жұмыс істеді.
1929 жылы Алматыда көшіп келіп, Қазақ АКСР-і ХАК-да қызмет атқарды.
1934 жылға дейін ҚазПИ-де оқытушылықпен айналысады.
1935 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі ҚазҰУ) қазақ тілінің доценті болып еңбек етті.
Алматы қаласында 1937 жылы шілденің 20-нда тұтқындалып, 1938 жылы ақпанның 27-нде Қазақ КСР Жоғарғы сотының Әскери колегиясымен ату жазасына кесілген.
1992 жылы қыркүйектің 18-нде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы қылмыс құрамы жоқтығынан ақталған.
Орынборда оқыған кезінде қазақ жастарының мәдени ағарту бағытында құрылған «Игілік» ұйымын ұйымдастыруға белсене араласып, «Қазақ» газетіне халық ағарту мәселелері бойынша мақалалар жариялады.
Шонановтың әлеумет істеріне белсене араласуы 1916 жылғы қазақ халқының Ұлт-азаттық көтерілісі кезінен басталады. Ол қарулы көтеріліске қарсы болған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған демократиялық зиялы азаматтарға қолдау білдірді.
1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін ұлттық автономия жолында күрес жүргізген Алаш қайраткерлерінің қатарында болды.
1917 жылы 5 - 13 желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметі жанынан құрылған оқу комиссиясының құрамына (Байтұрсынов, Дулатов, М. Жұмабаев, Е. Омаровпен бірге) енгізілді.
1923 жылы 15 сәуірде «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамына» мүше болып, латын әліпбиін енгізуді жақтаған зиялылар тобында болды. 1924 жылы 12 – 18 маусымда өткізілген қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне, 1924 жылы Қазақ АКСР-і ғылым саласы қызметкерлерінің съезіне делегат болып қатысты.
Қызылордада жүріп 1926–1928 жылдары «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының» тарих-этнография секциясының төрағасы болды.

1926 жылы тамызда Бакуде өткізілген Бүкілодақтық түркологтар съезіне Байтұрсынов, Н. Төреқұлов, Е.Омаров, Б.Сүлеев, Ә.Байсейітовпен бірге Шонанов та қатысты. Съезден кейін латын әліпбиін насихаттайтын республикалық комитет құрамына енді. Сол кезеңде ол О.Жандосовпен бірге барлық латын комитеттері мен латыншыларға арнап ашық хат жариялады.

Ғылыми еңбектері мен шығармалары. Қазақ бастауыш мектебінің теоретикалық және практикалық негізін қалаушылардың бірі болды. Оның қаламынан емлеге, тіл дамытуға, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты көптеген еңбектер мен хрестоматиялар жарық көрді. Шонановтың әдістемеге қатысты еңбектеріне:

«Жаңалыққа жетекші»

«Диаграмдар, графиктер қандай болады» деген кітаптары

«Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында»

«Ересектерді сауаттандыру әдісі»

«Дауыстап оқытудың әдісі» сияқты көптеген мақалалары жатады.

Шонановтың қазақ әдебиеті саласындағы еңбектеріне

«Сәкеннің тілі»

«Халық ауыз әдебиеті»

«Евгений Онегиннің аудармасы», т.б. сын-мақалалары жатады.

Аударма ісі бойынша

А.Богдановтың «Курс политэкономий» атты кітабын қазақшаға аударып, орысша-қазақша термин сөздігін қоса берген.

Каминскийдің кітаптарын қазақшаға аударды.

Н.Крупскаяның кітаптарын қазақшаға аударды.

1926 жылы Байтұрсыновпен бірлесіп, мектеп оқушыларына арналған «Оқу құралын» (хрестоматия) құрастырды.

1926 жылы «Қазақ жер мәселелерінің тарихы» атты еңбегі жарық көрді. Онда қазақтарды қоныстандыру, отырықшыландыру, жер бөлу мәселелері айтылды.

1927 жылы М.Жолдыбаевпен бірге «Жаңа арна» оқулығын шығарды.

1934 жылға дейін ҚазПИ-де оқытушылықпен айналыса жүріп, мектепке арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жазды.

1929 жылы ол «Қазақстан жағрафиясы» атты кітап жазып, өлкетану жұмысына да белсене араласты.

Д.Снегинмен бірге «Уйгурская поэзия» жинағын (1934) ұйғыр тілінен орыс тіліне тәржімалады.
Ол жалпы 1923–1937 жылдар аралығында 32 оқулық, кітап, 72 мақала жазған.
«Жер тағдыры – ел тағдыры» (1995), «Үш томдық шығармалар жинағы» (2013), «Бес томдық шығармалар жинағы» (2015-2017).

19 желтоқсан ***ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ***
туғанына 125 жыл (1899-1938)

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өткен ғасырдың соңғы жылының соңғы айында - 1899 жылы 19 желтоқсанда дүниеге келді. Әкесі Қуан шағын дәулетті, шаруа қуған еңбек адамы болған. Жұбан әулетінің аталастары Темір уезінің қазіргі Ақтөбе облысындағы Темір-Орқаш болысына қарасты 9-ауылдағы Қосуақтам деген жерді жайлап-қыстайтын.

Әкесі Қуан 1919 жылы күзде 47 жасында сүзектен, келесі көктемде оның інісі Тәпен дүние салды. Еншісі бөлінбеген екі үйдің барша жанын асырап, қамқоршы болу бұғанасы қатпаған 20 жасар Құдайбергеннің басына түседі. Білім-таным деңгейі жоғары, жаңа орнап жатқан саяси-әлеуметтік құрылысты мейлінше костаған Құдайберген Кеңістік жүйені нығайту ісіне де қызу кіріседі және белсене ат салысады. 1918-1920 жылдары көлденең Темір болыстық Совдептің әуелі хатшысы, кейін төрағасы болып, ал 1922-1925 жылдары Темір уездік атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Қ. Жұбанов бұл кезеңде мынадай қызмет атқарған; 1923 жылдың желтоқсанынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Темір уездік халық ағарту бөлімінде инспектор болып істейді. Ол 1928 жылдың желтоқсанына дейін губерниялық ағарту бөлімінде инспектор-методист болып істейді және Ақтөбе қаласында ашылған педтехникумның (осы күнгі педколледж) мұғалімі болады. Білім мен қажыр Құдайберген Жұбановты әрі қарай ілгері бастай береді; ол 1928 жылдың жазында Ленинградтағы Енукидзе атындағы Түркі шығыс тілдері институтын бас-аяғы жарты жыл шамасында экстерн ретінде тәмамдап,

тілші-түрколог дипломын алып қайтқаннан кейін оны сол 1928 жылдың соңында жоғары білімді тәжірибелі методист әрі ағарту ісін жақсы білетін практик-педагог ретінде Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордаға алдырып, Республикалық халық ағарту комиссариатына қызметке тағайындайды. 1929 жылы Қ. Жұбановты Қазақстанның астанасы Алматыдағы алғашқы кезде қазақ университеті деп, кейіннен ҚазПИ болып аталған, осы күнгі Абай атындығы ҚазМУ-дің түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы кафедрасына ғылыми қызметкер етіп шақырылады. Көп ұзамай, 1932 жылғы 1 қазанында Қ. Жұбанов қазақ тілі мен әдебиетінің біріккен кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады.

Қ.Жұбановтың профессорлық қызметі осылай басталады. Қазақ филологиясының тұңғыш профессоры 1937 жылдың 19 қарашасына дейін осы қызметін абыройлы атқарып, қазақ тіл ғылымына ерекше еңбек сіңіреді. Құдайберген Жұбанов есімі бүгінде халқымыздың мақтанышына айналды. Бүгінде көрнекті ғалымның есімі мен еңбектері қазақ халқымен, оның тілімен бірге мәңгі жасай беретінінде еш күмән жоқ.

25 желтоқсан ***ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА***
туғанына 85 жыл (1939-2014)

Фариза Оңғарсынқызы Оңғарсынова, қазақ ақыны, халық жазушысы, журналист, Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Новобогат (қазіргі Исатай ауданы) ауданына қарасты Манаш ауылында туған.
Фаризаның әкесі Оңғарсын Иманғалиев (1891-1940) оқыған, елге қадірлі азамат болған. Қазіргі Атырау облысында алғаш балық шаруашылығын ұйымдастырған кісі. Ал анасы Халима Иманғалиева (1893-1976) арабша хат танып, қазақ ауыз әдебиетін жақсы білген. Ақын қыз үйдің кенжесі, бауырларының біразы жастай қайтыс болған. Әкесі жүрегі ауырып ерте көз жұмды, ал анасы 70-жылдары дүниеден өткен. Бала күнінен ақындық қасиетін көрсетіп, өзіне әсер еткен жағдайларға байланысты өлең шығаратын болған.
Алғашқы өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде 1958 жылы жарық көрді.

Тұңғыш өлеңдер жинағы «Сандуғаш» 1966 жылы жарық көрген. «Алмас қылыш», «Тартады бозбаланы магнитім», «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын», «Тыңдаңдар, тірі адамдар», «Қарғыс», «Қасірет пен ерлік жыры» поэмалары, «Үйім менің – Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» өлең топтамаларының авторы.

Көптеген шығармалары шет ел тілдеріне аударылған. Чили ақыны Пабло Неруданың «Жүректің төрт мезгілі» кітабын, орыс ақыны А.А.Блоктың «Нәпсі», «Куликов даласы», «Он екі жыл өткен соң», «Кармен», «Қарлы перде» өлең топтамаларын, сондай-ақ, Р.Ф.Казакованың, Е.А.Евтушенконың, араб ақыны Әбдірахман әл-Хамисидің жекелеген шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Ақынның Анвар, Алмас есімді ұлдары мен Анар, Аида есімді келіндері бар, Анеля, Алан, Анита, Ахметжан, Аслан, Алсу атты немерелері бар. Сондай-ақ, ақын ерте қайтыс болған жалғыз ағасының ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірген.

1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітіріп, Балықшы ауданының Еркінқала, «Октябрьдің 40 жылдығы» қазақ орта мектептерінде мұғалім болып жұмыс істеген.

1966–1968 жылдары Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің партия тұрмысы бөлімінде әдеби қызметкер міндетін атқарған.

1968–1970 жылдары Республикалық «Лениншіл» (қазіргі «Жас алаш») газетінің Ақтөбе, Гурьев, Орал облыстары бойынша меншікті тілшісі болып еңбек еткен.

1970–1978 жылдары Республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») журналының бас редакторы, 1978–2000 жылдары «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналының бас редакторы болып істеді.

1984 жылы «Үйім – менің Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» өлеңдері топтамалары үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

1996-2004 жылдары ҚР мәжілісінің I және II шақырылымдарының депутаты болды.

Шығармалары: «Сандуғаш» (1966); «Маңғыстау маржандары» (1969); «Мазасыз шақ» (1972), «Асау толқын» (1973), «Сұхбат» (1983), «Дауа» (1985) т. б.

26 желтоқсан ***ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ***
туғанына 130 жыл (1894-1938)

Тұрар Рысқұлов (26 желтоқсан 1894, Жетісу облысы, Верный уезі Шығыс Талғар болысы – 10 ақпан 1938, Мәскеу) – мемлекет қайраткері. Оның әкесі Рысқұл Жылқыайдарұлы 19 ғасырдың 80-жылдары патша әкімшілігінің озбырлығына шыдамай Сырдария облысының Черняев уезінен (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы) Верный уезіне қоныс аударып келген болатын. Жаңа қонысында да әділетсіздік көрген Рысқұл 1904 жылы желтоқсанда халыққа тізесі батқан Саймасай Үшкемпіров деген болысты атып өлтіреді. Түрмеде жатып өш алушылардың жалғыз ұлы Тұрарға зияны тиер деп қауіптенген ол оны өзінің қасына алдыртады. «Түрме баласы» аталған Рысқұлов түрме үйлерін сыпырып, бастықтың атын айдап жүріп орыс тілін үйренеді. Әкесі 10 жылға сотталып Сахалинге жер аударылған соң Рысқұлов – «Қырғызбаев» деген жалған фамилиямен нағашыларының қолына келіп, Меркідегі орыс-түземдік бастауыш мектепте оқиды. 1910 жылы Рысқұлов Пішпектегі 1-дәрежелі ауыл шаруашылығы мектебіне қабылданып, оны 1914 жылы қазан айында бау-бақша өсіруші мамандығы бойынша бітіріп шығады. Бұл мектепті үздік бітірген оған Самара қаласындағы орта дәрежелі ауыл шаруашылығы училищесіне түсу үшін арнайы жолдама беріледі, бірақ училище директоры «қазақ – көшпелі, оған жер өңдеуді оқудың қажеті жоқ», – деп қабылдамай қояды. Тауы шағылған Рысқұлов 1915 жылы Ташкенттегі мұғалімдер семинариясына түсуге тырысады, бірақ оны мұнда да «бұратана» деген сылтаумен қабылдамайды. Ақыры ол оқу министріне арыздана жүріп, арнайы рұқсатпен емтихан тапсырады да, оқуға қабылданады. Күн көру үшін оқумен қатар Ташкент қаласының іргесіндегі Красноводск тәжірибе алаңында бағбан болып істеді. 1916 жылы жазда қазақ даласында ұлт-азаттық көтеріліс басталған кезде Рысқұлов оқуын тастап, Әулиеата уезіндегі Меркі ауылына аттанды. Ол Меркіге келген кезде халық ашық бас көтерулерге шығып, жер-жерде қарулы қақтығыстар өрши бастаған болатын. Ол Аққөз Қосанұлы бастаған көтерілісшілердің іс-әрекетіне ұйымдық сипат беріп, саяси бағдар сілтеді.

Меркідегі көтерілістің өршіген кезінде Рысқұловты патша әкімшілігі тұтқындайды, бірақ оның іс-әрекетінен кінә таба алмай босатып жіберуге мәжбүр болады. 1918 жылы сәуірде Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланып, өз күш-жігерін ашаршылыққа ұшыраған халықты төніп тұрған ажал тырнағынан арашалап қалуға, орыстар мен қазақтардың арасындағы қарым-қатынасты реттеуге, кеңестерге жергілікті халық өкілдерін көптеп тартуға жұмсады. Рысқұловтың ықпалымен Әулиеата уездік кеңесінің құрамы мен жұмыс тәсілі тез өзгере бастады. 1918 жылы 21 сәуірде уездік кеңестің мүшелігіне қазақтар арасынан депутаттар сайлау мақсатымен Әулиеата қаласында Рысқұлов ұйымдастырған қазақтардың жиыны болып өтті. Рысқұловтың жетекшілігімен Әулиеата қаласы маңында қоғамдық тамақтандыру орындары ұйымдастырылып, онда 20 мың адамға дейін ашыққан қазақтар тамақтандырылды. 1918 жылы шілдеде Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитеті төрағасы болып сайланды. Уездік кеңестің сан түрлі қызметін ұйымдастыра отырып, Рысқұлов бұрынғысынша негізгі күш-жігерді ашаршылықпен күрес ісіне бағыттады.

1937 жылы 21 мамырда Кисловодскіде демалыста жүрген Рысқұлов «пантүрікшіл», «халық жауы» деген айыппен тұтқынға алынды. Кеңестік қуғын-сүргінге ұшыраған Рысқұлов Мәскеу түрмесінде жүрек ауруынан қайтыс болды. Рысқұловтың әйелі Әзиза да кеңестік қуғын-сүргін құрығына ілігіп, АЛЖИР-де 18 жыл айдауды бастан кешті. Ұлы Ескендір түрмеде қайтыс болды. Рысқұлов есімі КСРО Әскери коллегиясы Жоғырғы Сотының шешімімен 1956 жылы 8 желтоқсанда ақталды.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ
туғанына 135 жыл (1889-1931)

Жүсіпбек Аймауытов – жан-жақты өнер иесі, сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі, романшы, жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист. Жүсіпбек Аймауытов қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында Қызылтау атрабында дүниеге келген.

Жүсіпбектің туған жылы жайлы деректер әр қилы. С. Мұқанов «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) атты кітабында 1893-жылы туды деп көрсеткен. С. Садуақасовтың сұрақтарына берген жауабында өзі «сиыр жылының аяғында (1890 жылдар) тусам керек (Қазақ әдебиеті, 23-желтоқсан, 1988) дейді. «1890-жылдар» дегеніне қарағанда, бұл жылды ол да жобалап айтқан тәрізді. Ал сиыр жылы - жыл санау тәртібі бойынша 1889-жылға дәл келеді. Сонда ол 1889-жылдың аяғы болуы мүмкін. Кейінгі біраз деректерде де осы жыл көрсетіледі.

Жастайынан арабша хат тану, оқу үстіне, ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренген Жүсіпбек 1914 жылы Павлодардағы орысша-қазақша екі сыныптық мектепті бітіреді. Осыдан кейін біраз уақытын ол ауылда бала оқытумен, Баяндағы мектептің үшінші класында оқуын жалғастырумен өткізеді. Содан 1911 жылы Керекуге келіп, екі класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алып, 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі, осы Семейдегі оқытушылар семинариясында тәлім алып, 1919 жылы бітіріп шығады. Жүсіпбектің алашордашылардың істеріне араласатыны да осы кез. Семейде ол «Абай» журналын шығаруға ат салысады.

1919 жылы Жүсіпбек алашордадан бөлініп, Совет өкіметі жағына шығады. Коммунистік партияның қатарына кіреді. Семейде, Павлодарда партия, совет жұмыстарын атқарады. 1920 жылы Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезіне делегат болып қатысады. Содан кейін Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатында басшылық қызметте қалады. 1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі болып ауысады. Кейін «Қазақ тілі» газетінің редакторы болып істейді. 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі болып, 1924-1926 жылдары Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакциясында қызметтер атқарады. 1926-1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумының директоры болады.

Міне, осылардың қатарында, Ж.Аймауытовтың өмірі 1931 жылы, 42 жасында, нағыз творчестволық толысқан кезінде қыршынынан қиылды. Жүсіпбек Аймауытов В.Шекспир, В.Гюго. Г.Мопассан, А.Дюма, А.С.Пушкин, Р.Тагор, Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой, Дж.Лондон шығармаларын, «Интернационалды», бірқатар ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аударды.

Ол педагогика, психология, методика, эстетика, тәрбие туралы зерттеулер жазды, әдебиет, эстетика, сын саласына араласты, сан алуан публицистикалық мақалалар жазды. «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары, «Комплексті оқу жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы» ғылыми еңбектері – күрделі дарынның қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орны бар шығармалары.

Қазақ әдебиетінде айрықша орны бар поэзия, проза, публицистика, сын, зерттеу салаларына тең-қатар қалам тартқан, астан-кестен ауыр, бірақ ерекше қуатты да қызық, әлеуметтік төңкерістер, ұлы революциялар заманында өмір сүрген Жүсіпбек Аймауытов ерте қиылған, қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгерді.

Шығармалары: «Шернияз: пьесалар жинағы» (1990); «Жаман тымақ»: өлеңдер, жұмбақтар, әңгімелер, ертегілер(1992); «Психология» (1995); «Бес томдық шығармалар жинағы» (1997-1999), «Бес томдық шығармалар жинағы» (2002-2003), «Ақбілек: роман, повесть, әңгіме» (2003); «Шығармалары: алты томдық шығармалар жинағы» (2013) т. б.

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ
туғанына 130 жыл (1894-1933)

XIX ғасырдың басында қазақ әдебиетінің тарихында іргелі орны бар ағартушы-демократ ақындардың бірі. Сәбит Дөнентаев Павлодар облысы Ақсу ауданында дүниеге келген. Жас кезінен ескіше хат танып, кейіннен Павлодар медресесінде оқиды. 1913 жылы «Айқап» журналында ақынның «Қиялым» деген өлеңі жарияланды. Бұл – ақынның баспа бетін көрген тұңғыш туындысы. Осы кезден бастап өз заманының маңызды мәселесінің бәріне үн қосқан ақын өлеңді үзбей жазады.

1915 жылы Уфа қаласында «Ұсақ-түйек» деген атпен өлеңдерінің алғашқы жинағы жарық көрді. 1919–1922 жылдар арасында қазақ ауылдарында мұғалім, халық соты қызметтерін атқарды.

1928 жылдан бастап С. Дөнентаев «Қазақ тілі» газетінің редакциясында жұмыс істеп, барлық күш - жігерін қазақ әдебиетін дамытуға жұмсайды. Ал 1957 жылы шығармаларының академиялық жинағы шықты. С. Дөнентаевтың ақындық қызметі екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңі – 1912–1918 жылдар арасы, екінші кезеңі – кеңес дәуіріндегі шығармашылығы, яғни 1918–1928 жылдар арасы. Ақынның «Заман кімдікі», «Досқа», «Замандастарға», «Балалық» және т.б. өлеңдері халықтың азаттыққа ұмтылу арманын суреттейтін реалистік шығармалары болды. Ақын шығармалары тақырып, жанр, көркемдігі жағынан да әр алуан болып келеді. С. Дөнентаев өз дәуірінің қоғамдық шындығын кең жырлаған, қазақ әдебиетінің өткір сатиралық стильді қалыптастырған ірі суреткер ақын.

БАЛУАН ШОЛАҚ
туғанына 160 жыл (1864-1919)

Баймырзаұлы Балуан Шолақ 1864 жылы қазіргі Көкшетау облысына қарасты Еңбекші ауданында дүниеге келген. Балуан Шолақ жауырыны жерге тимеген балуан, бүкіл қазақ даласына есімі кең тараған сазгер. Бала кезінде саусағын үсітіп алғандықтан, ел оны еркелетіп «Балуан Шолақ» деп атап кеткен. Ал азан шақырылып қойған аты – Нұрмағанбет. Нұрмағанбеттің шыққан тегі Ұлы жүздің Дулат тайпасындағы Сәмбет руы. Нұрмағанбеттің аталары ерте кезде Арқаға қоныс аударып, өмірлерінің соңғы күндеріне дейін сол жерде тіршілік еткен. Балуан Шолақ та атығай, қарауыл рулары қоныстанған Көкшетау өңірінде өмір сүреді. Балуан Шолақтың әкесі Баймырза ағаш шебері, шешесі Қалампыр қарулы кісі болған деседі. «Алып - анадан» деп бекер айтылмаса керек. Балуан Шолақ та шешесіне тартып, алып денелі батыр болған. Балуан 14 жасынан бастап күресті ермек етіп, ат қуып, шауып келе жатқан тұлпардың үстінде адам сенгісіз жаттығуларды шебер орындаған. Ат үстінде тігінен не басымен тұруы, аттың бауырынан өтуі, аяғын үзеңгіге қыстырып, жатып шабуы батырдың тұла бойындағы қара күшті айқындайды.

Түрлі жиындарға қатысып, 51 пұт қара тасты көтеріп, жиналған қалың жұрттың таңдайын қақтырған балуан 35 жасында орыс балуаны Иван Коренмен бақ сынасып, оның қабырғасын сындырады. Бұған қоса, Балуан Шолақ бала кезінен ән-күйге құмар болған. Уақыт өте келе жас балуан бұл екі өнерді өз бойында қатар дамытқан. Батырға өмір берген Баймырза мен Қалампыр қайтыс болғаннан кейін, Нұрмағанбет өз өмірін Ғаникей деген қызбен байланыстырып, қасына әнші-күйші, палуандарды, өнерлі жастарды жинап алып, ел аралап, салдық құрады. Балуан Шолақ Біржан салды ұстаз көріп, Ақан серінің әндерін тамаша орындаған. Бұл кісілілердің шеберліктерін берік ұстанып, уақыт өте келе өзі де ән шығара бастаған. Батырымыз қазақтың әншілік өнерінің дамуына айтарлықтай үлес қосып, жарыққа теңдесі жоқ туындыларды әкелген. Әнші-сазгер Көкшетау, Қараөткел, Қаркаралы, Сарысу маңындағы барлық елді-мекендерді аралап, қазақ өлеңдерін бүкіл өлкеге таратқан.

ҚАЗАНҒАП ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ туғанына 170 жыл (1854-1921)

Қазанғап Тілепбергенұлы (1854 – 1921) – қазақтың әйгілі күйші-композиторы. Шежіресі Шежіре дерегі бойынша, Ұлы жүз Ақарыстан тараған ұрпақтың бірі - Кейкі би, одан Төбей туған. Төбейден Майқы, Қоғам, Мекіре, Құйылдар деген төрт ұл туады. Осылардың Қоғамынан Қаңлы мен Шанышқылы туған. Шанышқылыдан Қорбақа, Дарқан, Қырықсадақ, Бектау деген төрт ұл туады. Осылардың ішіндегі Қырықсадақтан Қазанғаптың аталары өрбіген. Өмірбаяны Туып-өскен жері - Арал көлінің жағасы, Құланды түбегінің Ақбауыр деген жері. Топырақ бұйырған жері - сол Ақбауыр маңы, Айшуақ ауылының іргесі. Шыққан тегі - Ұлы жүз құрамындағы байырғы тайпалардың бірі - Шанышқылы. Кіші жүздің Ресейге бодан болуы, ел ішіндегі әлеуметтік-саяси құрылымға ертерек өзгеріс енгізіп, бұрынғы ру аралық пәтуә-бірлік шырқының ертерек бұзылуына себепші болды. Әрідегі Сырым батыр, онан соң Исатай мен Махамбет бастаған жойқын көтерілістер,

берідегі Бекет батыр бастаған көтеріліс Қазанғаптың жөргектен құлағына сіңісті болған, қала берді көзі көрген заманалық тауқымет айғағы болатын. Бойы өсіп, бұғанасы қатып үлгермей-ақ Қазанғаптың маңдайына қойшылық өмір бұйырған. Қой соңында өткізген он жылда ол домбыраны жан серігі етіп, өзінің сезім-түйсігін күй тілінде сыртқа шығаруды машық етеді. Содан, оң-солын тани бастағанда күйге біржола өмірін арнамақ болып, әке - шешесінен рұқсат алады. Доңызтау-Аққолқада - Төреш, Бесқалада - Орынбай, Құрманияз, Орынборда - Үсен төре сияқты әйгілі домбырашылармен кездеседі. Арал алабын, Үстірт, Маңғыстау аймағын, Ақтөбе, Ырғыз, Қостанай, Троицк, Орынбор төңірегін шарлап, ел ішіндегі күй сарындарын көкірегіне армансыз сіңіреді. Небір додалы күй сайыстарына түсіп, өнерін шыңдайды. Мұның бәрі Қазанғап бойындағы тегеурінді дарынның жарқырай көрінуіне, шабыт тұғыры болуына себепші болады. Қазанғап қарақалпақтар ортасында болған кезінде Балжан деген қызбен көңіл жарастырып, бас құрауға уәде байласады. Алайда жоқ-жітік тірлік кешкен қарт әке-шешенің жағдайымен Қазанғап үөделі уақытта Балжанға келе алмайды. Кейін тагдыр айдап, тұрмысқа шыққан Балжанға ұшырасады. Сонда Балжан: "Қазанғап аға, тағдырдың бүйрығы осылай болды. Менде жазық жоқ, сағынышты серік етіп, уәделі мерзімді екі еселеп күтіп-ақ едім. Кінә өзіңізден, енді арамызда өкпе мен өкініш қалмасын. Уәдеде тұра алмаған айып-шамыңызға өмір бойы маған күй арнап өтіңіз!" — деп, ашық мінезбен ағынан жарылады. Қазанғап адалдық пен сұлулық айғағындай Балжан аруды өмір бойы күй арқауы, шабыт түғыры етіп өткен. Қазанғап шығарған күйлердің ішінде Балжанға арналған күйлер циклы қазақ күй өнерінің ең бір шуақты шоғырына жатады. Шығармашылығы Жалпы, Қазанғап - эпикалық күйші. Оның күйлері қазақтың өткеніне де, бүгініне де, болашағына да терең бойлайды. Қазанғап күйлері халық тарихының артта қалған алмағайып кезеңі туралы «Ноғайлы босқыны» деп, он алтыншы жылғы патша жарлығын жарадай сезіне отырып, «Жұртта қалған», «Окоп» деп күңіренеді. Қазан төңкерісінен кейінгі ел өмірінің түбірлі өзгерістерін ұлы көшке теңеп, «Қызыл керуен» деп бебеулейді. Ал «Майда қоңыр», «Учитель»,

«Өтті-ау дүние», «Көкіл» сияқты күйлері өмірдің мәні мен сөні туралы, бүгін мен болашақтың қамы туралы таусыла толғанады.
Қазанғаптың күйшілік болмыеына ден қойғанда, оны да XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының рухани әлемінде көрініс тапқан антиутопиялық ағымның, кертолғау сарынының, зар заман тақырыбының аса дарынды өкілі деп танығаң жөн.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ туғанына 220 жыл (1804–1846)

Махамбет Өтемісұлы (1804-1846) Қазақ халқының XIX ғасырдағы ең көрнекті ақындарының бірі Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарайтын Бекетай құмы деген жерде туып, 1846 жылы қазан айының ішінде жалынды ақын жау қолынан қапыда қаза табады.

Өтемістің он баласы болып, Махамбет Бекмағамбеттен кейінгі екінші бала болады. Жас кезінде хан ордасында тәрбиеленген ақын кейін бөлектеніп кетеді. Халықты, қарашаны қолдаған Махамбет 1829 жылы түрмеге қамалады.

1836 жылы 14 көкекте Исатай мен Жәңгір кездеседі. Ханның қайын атасы Қарауылқожаның ауылын шауып алады.

1837 жылы 2 қарашада хан ордасына қайта атттанады. 1838 жылы 12 шілдеде орыс әскерімен шайқаста, Исатай қаза табады. Ары қарай Махамбет ақынның азапты күндері туады. Орынбор түрмесіне қамалады.

1846 жылы өз үйінде қастандықпен қаза табады. Бейіті Атырау облысы, Махамбет ауданы, Қараой деген жерде. Ақынның өлеңдері ерлікке, өрлікке арналады. Не үшін соғысып жүргенін айтады. Ел қандай болу керек деген сауалдарға жауап іздейді. Азаматтың міндетін көрсетеді. Осыған ұқсас «Беркініп садақ асынбай ...» деп басталатын өлеңі де бар. Алғашқыда ерлер ісі жорық пен оның қиындығына шыдау туралы болса, соңғыда жауын жеңу, ерлікпен қасқая соғысу ерлер ісі деп толғайды.

Исатай жолдасын мақтап нағыз ер бейнесін жасайды. Ақынның әр өлеңінде ел үшін, жұрт бақыты үшін қан төккен, сол мақсатқа бел буған ерлер бейнесі жасалса, Исатай - сол ерлерді бастаушы, халық үшін жанын қиған батыр, әрі соғыстағы ерліктің, жүректілік пен өрліктің символы да. «Исатай деген ағам бар», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Мінкен ер», «Тарланым», «Исатайдың сөзі», «Мінгені Исатайдың Ақтабаны - ай» өлеңдерінде тұтастай ел бастаған ер бейнесі сомдалады. Егер жыраулар поэзиясы XV - XVIII ғасырлар шежіресі, сол заман батырларының ерлік дастаны десек, Махамбеттің Исатай туралы өлеңдері - сол жыраулар дәстүрінің жалғасы. Үмбетей, Ақтамберді, Бұқар жыраулар Абылай, Бөгенбай, Қабанбай бейнелерін сомдаса, Махамбет Исатайдай ердің биік тұлғасын үлгі етті.

Исатайдан, жерінен айрылып өкінеді, өксиді. Сол күндерін сағынады. Қызғыш құсқа зар айтады. Құсқа мұңданады. Махамбет поэзиясы - ерліктің, өрліктің поэзиясы. Ақынның асыл сөзінің маржан ырлары - жыраулар поэзиясымен үндестігі. Арнау, ханға қасқая сын, мін айту, жауынгерлік рух, батыр бейнесі жаңа үлгіде көрінді.

Махамбет жас шағында Жәңгір ханның қолында болады, бірақ туысынан өр мінез, өжет жанды Махамбет хан сарайында әділетсіздік пен теңсіздіктің куәсі рөлінде ұзақ тұра алмайды, көп кешікпей өзі шыққан халықтың арасына оралады. Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісінің Махамбет ең белсенді ұйымдастырушыларының бірі, жалынды жаршысы болды. Трибун ақынның әлеуметтік өмірге қатынасуының өзі шаруалар көтерілісімен тығыз байланысты еді. Махамбеттің көтеріліске үндеген тамаша шығармаларын шектен тыс езушілік пен теңсіздікті қарсы шыққан халық күші туғызды. Демек, ақын толғауларының барлығынан дерлік көтеріліс рухы, елді езгіші хан - сұлтандарға қарсы үндеушілік айқын сезіледі. Махамбеттің толғаулары түр жағынан алғанда ескі дәстүрді сақтады, дегенмен өзін мазмұны, жалынды пафосы, зор жігері секілді қасиеттерімен қазақ поэзиясына ерекше жаңалықтар әкелді. Кейін ұлы ақынның үлгісін Батыс Қазақстанды мекендеген ақындардың көпшілігі пайдаланды, үйренді.

САТТАР ЕРУБАЕВ
туғанына 110 жыл (1914-1937)

Ерубаев Саттар (1914–1937) - Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында туған. Алдымен ауыл молдасынан ескіше сауат ашқан. Түркістан жетіжылдық мектебін бітіріп, сонда аудандық комсомол комитетінде біраз уақыт қызмет істеген. Алматыдағы жоғары оқу орындарына түсуге даярлайтын арнайы курсты, Ленинградтың тарихфилософиялингвистика институтын бітірген.

1933 жылы «Орыс неоромантизмі және қазақтың ұлттық әдебиеті» деген тақырыпта диплом қорғап, аспирантурада қалдырылды. Бірақ Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің арнайы шақыртқан телеграммасымен елге оралды. Алдымен «Ленинская смена», кейіннен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Мұнымен қатар Алматыдағы жоғары ауыл шаруашылығы мектебінің философия кафедрасында ассистент болып, лекция оқыды. Біраз уақыт «Лениншіл жас», «Қарағанды пролетариаты» газеттерінде жауапты редактордың орынбасары болған. Өзінің болашақ романы – «Менің құрдастарымның» материалын осы кезеңде сол жердегі өмірден жинақтаған. Қазақстан кеңес жазушылары одағының I съезіне делегат боп қатысып, одақтың мүшелігіне алғаш қабылданғандардың бірі.

1935 жылы Алматыға оралып, Ленинград университетінің аспирантурасына түсуге дайындалды. Бірақ меңдеп кеткен ауруы оның оқуына еркіндік бермеді. Сөйтіп, қайтадан Алматыға келіп, ҚазПИдің қазақ әдебиеті кафедрасына доцент боп орналасып, әдебиет тарихы мен теориясынан дәріс оқыды. Осы кезде «Менің құрдастарымды» жазып жүрді. Толық аяқтап үлгермегенмен, «Менің құрдастарым» романымен, көркем әңгіме, новеллаларымен прозашы ретінде, суреттемеочерк, мақалалары арқылы – публицист, өлеңжыр, балладалары, эпиграмма, пародиялары арқылы ақын ретінде ол туған әдебиеті тарихынан өз орнын алған.

1966 жылы «Менің құрдастарым» романы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы берілді. Түркістан қаласында С.Ерубаев мұражайы жұмыс істейді.

Шығармалары: Менің құрдастарым. Роман. Новеллалар. Балладалар мен өленжырлар. Публицистика. Сатиралық суреттемелер мен пародиялар. Сын мақалалар. Естеліктер, түсіндірмелер. А., «Жалын», 1979.

МҰХАМЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ туғанына 525 жыл (1499-1551)

Дулати Хұсайынұлы Мұхаммед Хайдар (1499-1551) – әйгілі тарихшы, әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес елдердің тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін «Тарихи Рашиди» кітабы мен «Жаханнаме»дастанының авторы, Жетісу жеріндегі ежелгі Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Оның толық аты-жөні – Дулат Мұхаммед Хұсайынұлы Мырза Мұхаммед Хайдар. Мұндағы «Мұхаммед Хайдар» – өз аты, «Мұхаммед Хұсайын» – әкесінің аты, «мырза» – текті әулеттің тұқымы екенін білдіретін атау (хан балаларының ханзада, сұлтан аталатыны секілді), «дулат» – шыққан тайпасының аты.

М.Х. Дулати – көрнекті мемлекет қайраткері, қазақтың – тұңғыш тарихшысы, философы, ғұлама ақын, дипломат, әскери қолбасшы және ол қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі – ұлы ойшыл ғалым.

Дулат Хұсайынұлы Мұхаммед Хайдар 1499 жылы Ташкент қаласының төңірегінде дүниеге келген. Жетісудағы Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Ұлы атасы Мұхаммед Хайдар мырза Қашқарияны биледі. Әкесі Мұхаммед Хұсайн XY ғасырдың ақыры мен XYI ғасырдың басында Моғолстанның батыс бөлігін билеген Сұлтан Махмұд ханның жақын адамдарының бірі болды. Мұхаммед Хайдардың анасы Хубнигар ханым – Шағатай ұрпағы, Моғолстан ханы – Жүнісханның қызы. Ол Ташкент қаласын билеп, Алмалыққа дейін басқарған. Хайдардың жазуынша Жүнісхан – көшпелі руларды отаршылыққа айналдырып, қала салу ісімен шұғылданған кісі.

М.Х. Дулат Моғолстанның сұлтан Сайд ханмен және Үндістандағы баласы ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалаушы Захир әд-Дин Мұхаммед Бабырмен бөле.

М.Х. Дулатидің балалық шағы Мұхаммед Шайбани хан бастаған көшпелі өзбектердің қысымынан Орта Азияда Әмір Темір әулеті мемлекетінің күйреуі, Моғолстанның ыдырау және қазақ хандығының өркендеу дәуірімен тұстас келді. Сұлтан Махмұд хан мен Мұхаммед Шайбани ханның соғыстары кезінде 1508 жылы Шайбани әскерінің қолында М.Х.Дулаттың әкесі өледі. Сегіз жасар Хайдар әкесінен жетім қалып, үш-төрт жылдай Кабулдағы өзінің бөлесі, атақты жазушы Бабырдың қолынан тәрбие алады. Ол Бабырдың Мауереннахр жорығына қатысты. 1512 жылдан бастап Сұлтан Сайд ханның Қашқардағы сарайында тұрып, әскери және сарай қызметін атқарды. Оның Әбу Бәкірмен Қашқар және Жаркент үшін 1514 жылы болған соғысына, сондай-ақ Қырғыстанға, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға және Тибетке жасаған әскери жорықтарына қатысты.

Хан мұрагері – Әбу ар-Рашид сұлтанды тәрбиеледі. 1533 жылы хан тағына отырған Әбу ар-Рашид Дулат тайпасының басшыларынан қауіптеніп, оларды қатты қуғынға ұшыратты. М.Х. Дулаттың немере ағасы Сайд Мырза өлтірілді. М.Х.Дулат Үндістанға қашып кетті. Ол мұнда ұлы Моғолдар сарайында әскери қолбасшы болды, Кашимирді жаулап алу соғысына қатысады. Жаулап алғаннан кейін Ұлы Моғолдар атынан біраз уақыт Кашмирді билеп тұрады. 1551 жылы жергілікті халықтың көтерілісі кезінде 52 жасында сол жерде дүние салады. М.Х. Дулати – XV ғасырдың алғашқы жартысында жасаған Бабыр сияқты, Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан білгіш, майталман кісінің бірі. Ол ғылымға қатты көңіл бөліп, кітап оқып, өлең шығарып, сурет салу ісімен айналысады, зергерлік, шеберлік, ұсталық өнерімен шұғылданады. Онымен бірге Хайдар өзінің ойға жүйрік, майталман, сөзге шебер, ерекше саңлақ болуымен халық ортасында даңқты болады.

Қазақстанда Дулати бабамызға ел тәуелсіздігін алған кезден бастап айырықша көңіл бөліне бастады. БҰҰ-ның шешімі бойынша 1999 жылы М.Х. Дулатидың 500 жылдығына арналған арнайы конференция өткізілді.

Енді ғана есін жиып, тәуелсіздігін жариялағаннан кейін өткеніне үңіле бастаған елдің тарихының өшкенін тауып, қайнар бастауын зерттеп-білу Хайдар Дулатисыз мүмкін емес.

Күні бүгінге дейін Қазақстан мен Орта Азия елдерін зерттеушілердің, тіптен түркі тектес халықтардың мәдениетін зерделеген еуропалық ғалымдардың қай-қайсысын алсақ та, оған жүгінбей, еңбегіне соқпай кете алмайды.

НҰҒЫМАН ЗАЛИЕВ
туғанына 135 жыл (1889-1938)

Нұғыман Залиев (5.5.1889 жыл, Астрахан губерниясы, Қамыс-Самар уезі, Жаңақала (Сетекбай-тоғай) а. - 15.2.1938 жыл, Ақтөбе) - алғашқы халық мұғалімдерінің бірі, қоғам қайраткері.
Тегі — Байұлына жататын масқар руының жәдік бөлімі. Әкесі Зал Асанұлы орта шаруалы, мұсылманша сауатты кісі болған.
Әкесінен оқып, сауатын ашқаннан кейін Қамыс-Самар бастауыш қазақ-орыс мектебін (1898-1902), Орда қалалық орыс-қазақ Романов училищесін, училище жанындағы педогогикалық курсты бітірді (1905).
Сол жылы Қазан мұғалімдер семинариясының тындаушылары, жерлестері М.Сәрсембиев,С.Меңдешевтің ақылымен Қазан мұғалімдер семинариясына қазына есебінен 20 сом стипендиямен оқуға қабылданды. Осында жүріп И.Қашқынбаев, Ғ.Бердиев, Ә. Иманбаев сияқты қазақ студенттерімен, М.Уахитов, Н.Никольский, В.Охотников тәрізді татар, чуаш, мары ұлты өкілдерімен бірге Алафузов фабрикасы жанынан құрылған РСДРП ұйымының оқушылар ұясына кіргені үшін 1906-07 жылы полицияның жасырын бақылауына ілінді. Семинарияны 1909 жылы бітіргеннен кейін Ғұмар Қараш, Ғ.Мұсағалиев сияқты белгілі ағартушылар ашқан Тіленшісай мектебінде (қазіргі Казталов ауданындағы Қараоба маңында) жағырафия, тіршіліктану пәндерінен сабақ берді.
Меңдешев бастаған халық мұғалімдері тобы ұйымдастырған жартылай бейресми «Халық мұғалімдері қоғамыньң» жұмысына қатысты. 1911 жылы. Астрахан, Қазан қаласынан келген полиция қызметкерлері саяси сенімсіз адам ретінде үйіне тінту жүргізді. Хан ордасында 1911 жылы Е.Бұйрин, Ғұмар Қараштардың ұйытқы болуымен жарық көрген түбегейлі демократиялық бағыттағы «Қазақстан» газетін шығаруға қатысты.

1916 жылы қазақ жігіттерін тыл жұмысына алу дүрбелеңі тұсында Меңдешев, М.Сәрсенбиндермен бірге жұмысшы жасақтарына адам алуды шаруа жағдайына байланысты шегере тұруды талап етті. Сол жылы тамыз айында Хан ордасына келген Астрахан губерниясының губернаторы Соколовскийдің қабылдауына Меңдешевпен бірге кіріп, жағдайы төмен, күнкөрісі қиын отбасынан шыққан жігіттерге жеңілдік жасауды сұрады. Патшаның маусым жарлығына (1916) наразылығы үшін губернатор бұйрығымен Меңдешев екеуі бірге тұтқындалып, Астрахан түрмесіне қамалды.

Абақтыдан 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін шығып, Бөкей өңіріндегі Залиев төңкеріске қызу араласты.

1918 жылы 28 қазанда РК(б)П мүшелігіне кандидат, 1919 жылы 28 қазанда мүше болды. 1918 жылы.өткен Бөкей облысы Кеңесі 1-съезінің, Бөкей өңірі мұғалімдерінің 1- және 2-съезінің делегаты

1919 жылы қаңтардан Бөкей облысы атқару комитетінің жанындағы халық ағарту бөлімінің төралқа мүшесі, осы бөлім жанындағы ұлттық мектептер секциясыньң мүшесі. Сол жылғы тамызда Меңдешевтің орнына халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

1920 жылы қаңтарда Ақтөбеде өткен қазақ қызметкерлері конференциясына Бөкей коммунистері атынан қатысқан делегат. Бөкей облысы 4-съезінде 1-Бүкілқазақ Кеңестер Құрылтай съезіне делегат болып сайланды.

Қазақтың тұңғыш 297 педогогикалық басылымы «Мұғалім» журналының (1919, Орда) авторы.

1920 жылы Қамыс-Самар уездік атқару комитетінің төрағасы.

1922 жылы. 2-Өлкелік Бүкілқазақ конференциясында ҚАКСР халық ағарту комиссариатының төрағасы, кейін Кеңестердің 3-4 съездерінде ОАК-іне мүше болды. Шалғай ауыл-аудандарда мектеп ашу, мектеп жүйесін оқулықтармен, әдістемелік құралдармен жабдықтау, қазақша оқу құралдарын шығару ісін ұйымдастырды. В.Ленин шығармаларын қазақ тіліне аудару жөніндегі мемлекетік. комиссияның төрағасы болды.

1924 жылы Гурьев уездік РК(б)П комитетінің хатшысы 1925 жылы ақпанда уездік атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Атырау жерінде мұнай, борат кәсіпшілігін, балық және мал шаруашылығын өркендетуге елеулі үлес қосты.

Осында алғашқы мойынсеріктер, қосшы одақтарын ұйымдастыру, мәдени-ағарту саласын жолға қою ісі де оның есімімен байланысты. 1925-26 жылы Гурьев-Доссор тар табанды теміржолы басшылығымен салынды.
1927 жылы сәуірде Орал губерниясының атқару комитетіне төраға болып жоғарылатылды.
1930-35 жылы Қостанай, Ақтөбе губерниясының Халық ағарту басқармаларының бастығы.
1936-37 жылы Орынбордағы қазақ мұғалімдер курсының директоры.
1937 ж. 22 қыркүйекте ІІХК органдары тарапынан тұтқындалып, 1938 ж. 15 ақпанда КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясы «үштігінің» қаулысымен Ақтөбе қаласында 57 адамдық топпен бірге атылды. Бейіті Ақтөбе қаласынан 25 шақырым жердегі Түйетөбе мекенінде.

БЕРНИЯЗ КҮЛЕЕВ
туғанына 125 жыл (1899-1923)

Бернияз Күлеев (1899, Торғай облысы, Ақтөбе уезі, Бөрте болысы — 1923, Ресей, Қазан) — ақын, саясаткер.
1899 жылы бұрынғы Торғай облысы Ақтөбе уезіне қарайтын Бөрте болысының бесінші аулында (қазіргі Орынбор облысының Бөрте ауданы) Бекен деген шаруаның отбасында дүниеге келді. Кіші жүздің Әлім руынан шыққан.
1917-1918 жылдары Орынбор мұғалімдер семинариясында білім алған. 1920 жылдан өмірінің соңына дейін қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының кітаптарды бастырушы өкілі ретінде Қазан қаласында қызмет істейді. Осы жылдары (1922 жылы) ол Мағжан Жұмабаевтың бір томдық жинағын шығарып, оған «Бастырушыдан» деп түсінік жазған. Мағжан мен Бернияздың өте жақын араласқандықтарына ақын қайтыс болғанда жазған «Бернияза» өлеңі мен «Бернияз Күлеев» деген қазанама мақаласы мысал бола алады. Бернияз Ақтөбе уезіне қарайтын Кіші жүз Әлім руынан. 11 жасына шейін үйінде молдадан сабақ оқыған. 1911-12 жылдары Томаркөл облыстық мектебінде оқыған.

Туған әкесі Бекен ол школдан алып, Ақтөбе гимназиясына берсе де, шығынын ауырсынып, қайтып алып, Бөрте болысындағы екі класты школға кіргізген. Бұл школды бітірген соң Бернияз 16 жылы Орынборға барып, даярланып, 17 жылы учительский школға түскен. Апалаң-топалаң заман тәртіпті ғылым алуға ырық бермей, онда бір-ақ жыл оқып, жас бала жеке тұрмысқа, әлеумет ісіне кіріп кетеді. 18-жылы Торғайдың облыстық комитетіне мүше болады. 20-жылы «Ұшқын» газетінің бір жазушысы болады. 1921 жылдан кейін Қазақстан елді ағарту комиссариаты қызметімен Орынбор жаққа анда-санда аз уақытқа келіп-кеткені болмаса, ылғи Қазанда болады. Сол Қазанда қайтыс болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІ

16-17 желтоқсан	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕРІ

1-2 қаңтар	Жаңа жыл
8 наурыз	Халықаралық әйелдер күні
21-23 наурыз	Наурыз мейрамы
1 мамыр	Қазақстан халқының бірлігі мерекесі
7 мамыр	Отан қорғаушылар күні
9 мамыр	Жеңіс күні
7-шілде	Ұлттық домбыра күні – шілденің бірінші жексенбісі
6 шілде	Астана күні
30 тамыз	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні
25 қазан	Республика күні

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МЕРЕКЕЛЕР

21 ақпан	Халықаралық ана тілі күні
1 наурыз	Алғыс айту күні
7 сәуір	Геолог күні – сәуірдің бірінші жексенбісі
12 сәуір	Ғылыми қызметкерлер күні
21 сәуір	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі күні
23 сәуір	Кітап және авторлық құқықты қорғау күні
21 мамыр	Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні
26 мамыр	Химия өнеркәсібі қызметкерлерінің күні – мамырдың соңғы жексенбісі
31 мамыр	Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
4 маусым	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні
5 маусым	Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні
9 маусым	Жеңіл өнеркәсіп қызметкерлерінің күні - маусымның екінші жексенбісі

16 маусым	Медицина қызметкері күні – маусымның үшінші жексенбісі
23 маусым	Мемлекеттік қызметші күні
23 маусым	Полиция күні
28 маусым	Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні
2 шілде	Дипломатиялық қызмет күні
13 шілде	Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің күні
21 шілде	Металлург күні – шілденің үшінші жексенбісі
4 тамыз	Көлік қызметкерлері күні – тамыздың бірінші жексенбісі
10 тамыз	Абай күні
11 тамыз	Құрылысшы күні – тамыздың екінші жексенбісі
18 тамыз	Шекарашылар күні
18 тамыз	Спорт күні – тамыздың үшінші жексенбісі
25 тамыз	Шахтер күні – тамыздың соңғы жексенбісі

1 қыркүйек	Білім күні
1 қыркүйек	Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні – қыркүйектің бірінші жексенбісі
5 қыркүйек	Қазақстан халқы тілдері күні
8 қыркүйек	Отбасы күні - қыркүйектің екінші жексенбісі
15 қыркүйек	Аналар күні – қыркүйек айының үшінші жексенбісі
29 қыркүйек	Еңбек күні - қыркүйектің соңғы жексенбісі
29 қыркүйек	Машина жасаушы күні - қыркүйектің соңғы жексенбісі
28 қыркүйек	Атом саласының қызметкерлері күні
30 қыркүйек	Әділет органдары қызметкерлерінің күні
5 қазан	Ұстаздар күні
18 қазан	Рухани келісім күні
19 қазан	Құтқарушы күні
24 қазан	Кітапханашылар күні
27 қазан	Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні

8 қараша	Статистика күні
15 қараша	Ұлттық валюта – теңге күні, қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіптік мерекесі
17 қараша	Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні – қарашаның үшінші жексенбісі
6 желтоқсан	Прокуратура күні
12 желтоқсан	Кедендік орган қызметкерлері күні
15 желтоқсан	Энергетик күні – желтоқсанның үшінші жексенбісі

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А
Айманов Ш. 5, 19
Аймауытов Ж. 10, 66-68
Айталы А. 8, 38-40
Ақтөбе бекінісі қаланды 6, 27-28
Ақтөбе облыстық филармония 8, 40-43

Ә
Әдібаев Х. 7, 34-35
Әзірбаев К. 7, 30-31
Әуезова Л. 7, 34

Б
Байбекұлы Ә. 6, 20-21
Баймырзаұлы Б. 10, 69-70
Бақтыгереева А. 7, 37-38
Бәйішев С. 8, 44-46

Д
Дөнентаев С. 10, 68-69

Е
Ерубаев С. 10, 74-75
Есенқарақызы Х. 7, 33-34

Ж
Жансүгіров І. 6, 25-26
Жармағамбетов Т. 8, 49-50
Жиенбаев С. 6, 22-23
Жұбанов Б. 5, 17-18
Жұбанов Е. 9, 56-57
Жұбанов Қ 9, 62-63

З
Залиев Н. 10, 77-79

К
«Кедей» (Ақтөбе) газет
Кекілбаев Ә. 9, 58-59
Күлеев Б.10, 79-80

Қ
«Қазақ әдебиеті» 5, 12-14
Қастеев Ә. 5, 11-12
Қошқарбаев Р. 8, 50-52

М
Майлин Б. 9, 54-55
Марғұлан Ә. 6, 23-24
Молдағұлова Ә. 7, 32-33
Мұхамед Х.Д. 10, 75-77

Н
Нұрмағамбетов С. 6, 26-27
Нұрпейісов Ә. 8, 52-24

О
Оңғарсынова Ф. 9, 63-64
Оспанов М. 8, 43-44

Ө
Өтемісұлы М.10, 72-73

П
Пангереев А. 5, 15-16

Р
Рысқұлов Т. 9, 65-66

С
Сәтпаев Қ. 6, 21-22
Сейітов А. 5, 14-15
Сейфуллин С. 8, 46-48
Соқпақбаев Б. 8, 48-49
Сыздық Р. 7, 35-37

Т
Тәжібаев Ә. 5, 16-17
Тынышбаев М. 6, 24-25
Тілепбергенұлы Қ. 10, 70-72

Ш
Шонанұлы Т. 9, 59-62

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 4

Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегі 5

Туған күні, айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі 10

Мерейтойлық күндерге қысқаша анықтама. 11

Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі 81

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері 81

Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер 82

Есімдер көрсеткіші 86

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова

Библиотека

Отдел автоматизации информационно-библиографических процессов

КАЛЕНДАРЬ ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫХ И ПАМЯТНЫХ ДАТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ НА 2024 ГОД

Актобе – 2023

УДК 323/324(574)
ББК 66.3(5Каз)
К 14

Календарь знаменательных и памятных дат Республики Казахстан и Актюбинской области на 2024 год / ответственный за публикацию Тастанкулов Е.С., сост.: Шаншарова Г. И. - библиотека Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова. 2023. – 174 стр.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Отделом автоматизации информационно - библиографических процессов библиотеки Актюбинского регионального университета им.К. Жубанова на 2024 год подготовлена и издана «Календарь знаменательных и памятных дат Республики Казахстан и Актюбинской области на 2024 год ».

В календарь включены события, имеющие историческое, духовное и культурное значение, юбилеи широко известных деятелей, видных деятелей науки и искусства, внесших большой вклад в становление и укрепление государства. Кроме того, даны юбилейные даты героев казахстанского Советского Союза, национальные, государственные, профессиональные и иные праздничные дни Республики Казахстан.

Календарь систематизирован в хронологическом порядке. Отдельно сгруппированы» списки деятелей, учреждений и исторических событий с неизвестными датами и месяцами рождения". К датам, отмеченным звездочкой (*), была написана краткая справка. В качестве вспомогательного средства дается алфавитный указатель имен.

Календарь предназначен для библиотек и культурных учреждений, работников СМИ и общественности.

КАЛЕНДАРЬ ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫХ И ПАМЯТНЫХ ДАТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ НА 2024 ГОД

ЯНВАРЬ

1 января*	**Кастеев Абилхан,** известный казахский живописец, художник-график, основатель казахского изобразительного искусства, 120 лет со дня рождения (1904-1973)
10 января*	**«Қазақ әдебиеті» газета,** 90 лет со дня выхода первого номера (1934)
22 января*	**Сейитов Асылбек,** Деятель движения Алаш, врач, 130 лет со дня рождения (1894-1937)
25 января*	**Пангереев Абат Шамулы,** филолог, литературовед, 65 лет со дня рождения (1959)

ФЕВРАЛЬ

4 февраля*	**Тажибаев Абдилда,** поэт, драматург, ученый-литературовед, доктор филологических наук, профессор, народный писатель Республики Казахстан, 115 лет со дня рождения (1909-1998)
4 февраля*	**Жубанов Болат Ахметулы,** химик, Академик НАН РК, доктор химических наук, профессор, 95 лет со дня рождения (1929-2014)
15 февраля*	**Айманов Шакен (Шаһкерим) Кенжетайулы,** актер, кинорежиссер, Народный артист СССР, Народный артист Казахской ССР, 110 лет со дня рождения (1914-1970)

МАРТ

23 марта* **Байбекулы Айтеке, би,** государственный деятель, 380 лет со дня рождения (1644-1700)

АПРЕЛЬ

12 апреля* **Сатпаев Каныш**, выдающийся казахский геолог, общественный деятель, организатор, первый президент Академии наук Казахской ССР, академик Академии Казахской ССР, 125 лет со дня рождения (1899-1964)

МАЙ

5 мая* **Жиенбаев Саги,** писатель, 90 лет со дня рождения (1934-1994)

11 мая* **Маргулан Алкей Хаканулы,** археолог, этнограф, историк, академик АН Казахской ССР, заслуженный деятель науки ССР, 120 лет со дня рождения (1904-1985)

12 мая* **Тынышбаев Мухамеджан,** деятель движения Алаш, 145 лет со дня рождения (1879-1938)

14 мая* **Жансугуров Илияс,** поэт, писатель, 130 лет со дня рождения (1894-1938)

25 мая* **Нурмагамбетов Сагадат Кожахметулы,** военный деятель, Герой Советского Союза, Народный герой, 100 лет со дня рождения (1924-1913)

28 мая* **Актюбинская крепость,** 155 лет со дня основания (1869)

ИЮНЬ

7 июня* **«Кедей» (Ақтөбе) газета,** 100 лет со дня первого выхода (1924)

15 июня* **Молдагулова Алия Нурмухамедкызы,** Герой Советского Союза, снайпер, капрал, 100 лет со дня рождения (1924-1944)

19 июня* **Азирбаев Кенен,** народный поэт, певец, народный композитор, 140 лет со дня рождения (1884 -1976)

30 июня* **Есенкаракызы Ханбиби,** писатель, поэт, журналист член Союза писателей Казахстана, заслуженный работник Казахстана, 75 лет со дня рождения (1949)

ИЮЛЬ

30 июля* **Ауезова Ляйля Мухтаркызы**, историк, доктор исторических наук, 95 лет со дня рождения (1929-1993)

АВГУСТ

6 август* **Адибаев Хасен,** критик, литературовед, 100 лет со дня рождения (1924-2012)

17 август* **Сыздык Рабига Сатигаликызы,** корреспондент, академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, 100 лет со дня рождения (1924-2020)

23 август* **Бактыгереева Акуштап,** казахский поэт, Заслуженный деятель Казахстана, лауреат Государственной премии Республики Казахстан, 80 лет со дня рождения (1944)

СЕНТЯБРЬ

10 сентября* **Айталы Амангелд,** доктор философских наук, профессор, 85 лет со дня рождения (1939-2022)

16 сентября* **Актюбинская областная филармония,** 80 лет со дня организации (1944)

17 сентября* **Оспанов Марат,** общественный деятель, первый председатель Мажилиса Парламента РК, академик Евразийской международной экономической академии, доктор экономических наук, 75 лет со дня рождения (1949-2000)

ОКТЯБРЬ

